



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ДАМУШЫ ОЙЫНДАР МЕН ОЙЫНШЫҚТАР РӨЛІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ

ЖИНАҒЫ

Тараз, 2025

ҚР ОАМ «БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ДАМУЫШЫ ОЙЫНДАР МЕН ОЙЫНШЫҚТАР РӨЛІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ

ЖИНАҒЫ

Тараз, 2025



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ

Оршыбеков Нұрбек Әбубекұлы,

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
басшысы

Аңдатпа. Мақалада «Баршаға қолжетімді сапалы білім» атты Ұлттық баяндамасында белгіленген міндеттерді басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын жақсарту мақсатында Жамбыл облысында ауқымды жұмыстар жүргізу туралы баяндалған.

Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, міндеттер, сапасын жақсарту, ғылыми-ағартушылық, әдістемелік, медициналық-педагогикалық, эксперименталды-тәжірибелік.

Еліміздің заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген болатын.

Расымен де, ел болып, ұлт болып қалыптасуымыз үшін жас ұрпаққа берілетін «Ұлттық тәрбие» балабақшадан бастау алары сөзсіз.

Бүгінгі күні білім беру ұйымдарының алдында тұрған ең басты мақсат – ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола білетін жеке тұлғаны қалыптастыру.

«Баршаға қолжетімді сапалы білім» атты Ұлттық баяндамасында белгіленген міндеттерді басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын жақсарту мақсатында облыста ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Атқарылып жатқан жұмыстарымыз оң нәтижелерін көрсетуде.

Облыстағы 618 мектепке дейінгі ұйымдарда 144 кеңес беру пункттері - отбасыларды қолдау орталықтарының қызметі ұйымдастырылып, балаларға

диагностика жүргізіліп, ата-аналарға ғылыми-ағартушылық, әдістемелік, медициналық-педагогикалық көмектер көрсетіледі.

Бұл мәселеге облыс әкімдігі тарапынан да ерекше назар аударылып отыр. Облыс деңгейінде бастау алған «Әжемнің ертегілеріне саяхат» жобасы үлкен маңызға ие.

Балабақшаларда құрылған кеңес беру пункттеріне ата-аналарды тарту үшін «Әжелер мектебі» аясында жүргізіліп жатқан «Ертегі Fantasy» жобасы оң нәтижесін беруде.

Мектепке дейінгі білім мен бастауыш мектептің үйлесімділігінің мазмұндылығын қамтамасыз ету үшін өңірдегі балабақшалар мектептерге

бекітіліп, дайындық топтарының, мектепалды сыныптардың педагогтері мен бастауыш сынып мұғалімдері үшін түрлі іс-шаралар өткізілуде.

Ал, мектепке дейінгі ұйымдарға бармаған балалар үшін мектептерде «Балақайлар мектебі» қысқа мерзімді



мектепке даярлау курсы ұйымдастырылған.

Облыстағы мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың заттық-дамытушы ортасын балабақшаларда масштабтау жұмыстары жолға қойылған. 14 құзыреттілік орталықтарына, 56 серіктес бөбекжай-бақшалары бекітілген.

Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының нәтижесінде әдістемелік құралдар шығарылып, 220 ұлттық дамытушы ойыншықтарға авторлық құқық алынып отыр.

Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыру маңызды құрал болып табылады.

Осы орайда, облыс деңгейінде бірнеше жобалар білім беру ұйымдарында эксперименталды-тәжірибелік алаңдардың жұмыстарын үйлестіру арқылы шешімін табуда. Қазіргі таңда Тараз қаласындағы №28 бөбекжай-бақшада «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттары» және Тараз қаласындағы №33 «Айсәуле» бөбекжай-бақшада «Балабақша жағдайында тәрбиеленушілерге экологиялық тәрбие берудің педагогикалық шарттары» тақырыптарындағы эксперимент жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, Тараз қаласында 100 кіші жоба бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан «Біз кішкентай жұлдызбыз», «Жас техниктер» «Кел, ойнайық, балақай!» «Жасыл ел, жасыл балабақ-

ша», «Дамытушы ойындар» атты жобалар табысты жүзеге асырылуда.

Жоғарыда аталған жобаларды жүргізу үшін М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университетімен, Ш.Нұртаза атындағы халықаралық Тараз университетімен, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Жамбыл облысы бойынша Кәсі

би даму институтымен, Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» орталығымен келісім-шарттар жасалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасы - педагогтердің үздіксіз кәсіби білімдерін жетілдіруге байланысты білім беру ұйымдары мен педагогтер біршама көрсеткіштерге қол жеткізуде.

Осы оқу жылында республикалық кәсіби шеберлік байқауларында №18 «Еркежан» бөбекжай-бақшасының әдіскері Даирова Айгерим Асқарқызы республикалық «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» байқауында I жүлделі орынды иеленсе, №8 бөбекжай-бақшаның педагогы Умбетова Балжан Кенжеболатқызы республикалық «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагог» конкурсында II жүлделі орынды иеленіп, облыс абыройын асқақтатты.

Мемлекет тарапынан педагог қызметкерлерінің алдына қойып отырған нақты бала тәрбиесі мен біліміне қатысты тапсырмаларын орындау – баршамыздың міндетіміз.



ҚАЗІРГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Есенова Нарима Борибаевна,

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, ф.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор

Аңдатпа. Мақалада қазіргі мектепке дейінгі білім берудің басым бағыттары туралы жазылған. Сонымен бірге - STEAM білім беру, қашықтан оқыту, интерактивті оқыту, ойын арқылы оқыту, жеке оқу бағдарламаларын жасау, жасанды интеллекттің мектепке дейінгі білім беруге ықпалы туралы баяндалған.

Түйін сөздер: әлеуметтік, эмоционалдық, танымдық, жасанды интеллект, қарым-қатынас, интерактивті оқыту, әдіс-тәсілдер, креативтілік, зерттеушілік.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер енгізілуде. Мектепке дейінгі білім беру саласы да осы өзгерістерден тыс қалмады. Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеті – баланың әлеуметтік, эмоционалдық және танымдық дамуына жағдай жасау. Қазақстанның білім беру саласында соңғы жылдары инновациялық әдіс-тәсілдер мен технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Бұл өзгерістердің ішінде жасанды интеллекттің (ЖИ) мектепке дейінгі білім беруге қосқан үлесі ерекше. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктері білім беру процесін жақсартуға, балалардың жеке қабілеттерін дамытуға және педагогикалық жұмыс тиімділігін арттыруға көмектесуде. Бүгінде мемлекет мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға бағытталған көптеген жаңашылдықтар мен реформалар енгізуде.

1. Мектепке дейінгі білім берудің маңызы. Мектепке дейінгі білім беру балалардың психологиялық, әлеуметтік және физикалық дамуын қамтамасыз ететін маңызды кезең. Баланың тұлғалық дамуының алғашқы кезеңінде ол

әлемді танып-біліп, жаңа дағдылар мен құндылықтарды игереді. Бұл кезеңде балаларға әлеуметтік, эмоционалдық, танымдық және шығармашылық дағдыларды қалыптастыру маңызды. Әрбір баланың дамуына ерекше көңіл бөлініп, оның жеке қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес оқыту әдістері қолданылады. Яғни, мектепке дейінгі білім беру баланың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтеді, оларды ортақ әрекетке, қарым-қатынас жасауға, эмоциялық тұрғыда өзін-өзі реттеуге үйретеді.

2. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде жаңа бағыттар мен инновациялық әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылуда. Бұл жаңашылдықтар балаларды тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған, олар баланың өзіндік дамуына көмектеседі. Қазіргі білім беру жүйесі балаларды тек мектепке дайындап қана қоймай, олардың эмоционалдық және әлеуметтік дамуына да қамтиды.

- STEAM білім беру: ғылым, технология, инженерия, өнер және математика (STEAM) салалары мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізіле бастады. Балалар үшін ойын арқылы ғылым мен өнерді ұштастыратын әдістер қолданылады. Бұл әдіс балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың логикалық ойлауын жетілдіруге мүмкіндік береді.
 - Интерактивті оқыту: қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беруде балаларды түрлі цифрлық құралдар мен технологиялар арқылы оқыту әдістері кеңінен қолданылады. Бұл әдістер балалардың қызығушылығын арттырып, білім алу процесін көңілді әрі тиімді етеді. Интерактивті тақталар, мобильді қосымшалар, ойындар мен виртуалды сабақтар білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналды.
 - Қашықтан оқыту: пандемия кезеңінде қашықтан оқыту әдістері мектепке дейінгі білім беру саласында да қолданылды. Бұл әдіс балалардың оқу процесін үй жағдайында жалғастыруға мүмкіндік берді. Қашықтан оқыту жүйесінде балаларды тәрбиелеу мен оқыту педагогтардың бақылауымен және онлайн ресурстар арқылы жүзеге асырылды.
3. Жасанды интеллекттің мектепке дейінгі білім беруге ықпалы. Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі таңда білім беру саласында маңызды рөл атқарады. ЖИ технологиялары мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізіле отырып, балалардың дамуын дербес бақылау және оған негізделген жеке бағдарламаларды жасауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін білім беру құралдары балалардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес тәрбиелеу білім беру процесіне ықпал етеді. Сонымен қатар, педагогтарға тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға көмек көрсетеді.
- Жеке оқу бағдарламаларын жасау: ЖИ технологиясы балалардың оқу деңгейін автоматты түрде анықтап, олардың білім деңгейіне сәйкес жеке бағдарламалар ұсына алады. Бұл балалардың жеке қабілеттерін ескере отырып, олардың даму қарқынын жеделдетуге мүмкіндік береді.
 - Ойын арқылы оқыту: жасанды интеллект ойын түрінде білім беру әдістерін қолданып, балаларды ойын арқылы дамыта алады. Мұндай ойындар баланың назарын аударып, оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. ЖИ негізінде жасалған ойындар балалардың логикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін және шығармашылық қиялын дамытады.
 - Педагогтарға көмек көрсету: жасанды интеллект педагогтардың жұмысын жеңілдетуге көмектеседі. Мысалы, балалардың оқу деңгейін автоматты түрде бағалайтын жүйелер педагогтарға әрбір баланың даму жағдайы туралы нақты мәлімет береді. Бұл ақпарат педагогтарға баланы дұрыс тәрбиелеу үшін қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.
4. Ата-аналар мен қоғамның рөлі. Ата-аналар мен қоғам мектепке дейінгі білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруда үлкен рөл атқарады. Ата-аналардың білім беру процесіне белсене қатысуы балалардың дамуына оң әсерін тигізеді. Олардың балабақшадағы жұмыстарымен танысып, педагогтармен тығыз байланыста болуы маңызды. Сондай-ақ, қоғамда мектепке дейінгі білім беру мәселелеріне деген қызығушылық пен жауапкершілік артқан сайын, ба-



лалардың тәрбиесі мен дамуы да жақсарады.

5. Болашақтағы білім беру трендтері. Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың дамуы мектепке дейінгі білім беру саласында жаңа трендтерді қалыптастыруда. Болашақта балалардың дамуы үшін қолданылатын құралдар мен әдіс-тәсілдер әрдайым жаңарып, жетілдіріле түседі. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі балалардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес даму траекториясын ұсынатын технологияларды кеңінен пайдалану арқылы жаңа деңгейге көтеріледі.

Қазіргі білім беру бағдарламалары мен олардың ерекшеліктері. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары әртүрлі деңгейде жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарламаларда баланың барлық аспектілерінде дамуына бағытталған нақты әдіс-тәсілдер ұсынылады. Олардың ішінде ерекше көңіл бөлінетіндер:

- баланың жеке тұлғалық дамуын қадағалау;
- әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру;
- креативтілік пен зерттеушілік қасиеттерін дамыту;
- экологиялық тәрбие беру;

- баланың психологиялық және эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесі жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдердің көмегімен балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасайды.

Жасанды интеллекттің білім беру саласына енгізілуі балалардың оқу мен тәрбиесіне жаңа мүмкіндіктер ашарды. Бұл өзгерістер педагогика мен оқыту әдістемесін жаңартуға, білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесі болашақта да дамып, инновациялық құралдар мен әдістерді қолдану арқылы балалардың сапалы білім алуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру жүйесі өзінің мәні мен мазмұны бойынша тек білім беру ғана емес, тәрбиелік, дамытушылық және әлеуметтік қызмет атқаруда. Бұл жүйенің негізгі мақсаты – әр баланың қабілеттерін ерте жастан бастап анықтап, оларды тиімді дамыту үшін қажетті жағдай жасау. Қазіргі таңда осы бағытта жасалған реформалар мен жаңашылдықтар еліміздегі білім беру сапасының артуына ықпал етіп, баланың болашағына оң әсерін тигізуде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы: «Білім», 2007.
2. Ахметова, Р. Ә. Мектепке дейінгі білім беру: теория мен практика. – Алматы: «Дарын», 2015.
3. Жолдасбекова, Ш. Қ. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: Фолиант, 2013.
4. Мұхамбетжанова, А. С. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде инновациялық технологиялардың қолданылуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ДАМУЫ ОЙЫНШЫҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Керимбаева Рысты Калдыхановна,

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, п.ғ.к., профессор

Аңдатпа. Мақалада автордың жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінен алынған ұлттық дамытушы ойыншықтардың педагогикалық-психологиялық маңызы туралы жазылған. Гранттық коммерцияландыру жобасы негізінде автордың нарыққа шығарылатын өнімдеріне ғылыми теориялық тұрғыда талдаулар жасалады. Мектепке дейінгі балалардың ұлттық кодын қалыптастыруға арналған дамыту ойыншықтарын қолданудың ғылыми-тәжірибелік жолы ұсынылады.

Түйін сөздер: ұлттық код, дүниетаным, ұлттық дамытушы ойыншықтар, мектепке дейінгі балалар, дамыту, қалыптастыру, идентификация, мотивация, әлеуметтік бейімделу, құндылықтық бағдар, эмоциялық тұрақтылық.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары айқындалып, сапалық көрсеткіштерді арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту үдерісін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері мен тиімді нысандарын іздеуді талап ететін ғылыми-педагогикалық өзгерістер болып жатыр.

Осы тұрғыда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру байқауының нәтижесі бойынша, DP23692218 «Замануи үлгідегі ойыншықтар арқылы қазақ халқының ұлттық құндылықтарын жаңғырту» тақырыбындағы гранттық жобамызға тоқталғым келеді. Жоба бойынша 45 түрлі ұлттық нақыштағы авторлық ойыншықтар: 1-инновациялық тақта, 5-танымдық модуль, 40 түрлі дамыту ойыншықтар нарыққа шығарылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі Тараз қаласының №18 «Еркежан», №7, №17 бөбекжай-бақшаларында сынақтан өткізіліп, оқыту үдерісіне енгізілген. Авторлық өнімдерге патенттер мен авторлық құқық куәліктері алынған.

Гранттық жоба негізінде Қазақстанда тұңғыш рет, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұлттық нақыштағы авторлық ойыншықтар мен танымдық модульдер жасалады. Тараз қаласында алғашқы ойыншық жасайтын, цех ашылып, еліміздің барлық өңірлерін ұлттық-дамытушы ойыншықтар мен танымдық модульдермен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Қазіргі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында балаларға ұлттық тәрбие беру міндеті қойылған. Осы тұрғыда, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан бала тәрбиесіндегі асыл қазыналары мен құндылықтарын дәріптейтін ұлттық



нақышта жасалған ойыншықтар жасау қажеттілігі туындады.

Біз ұсынатын ойыншықтар табиғи ағаштан жасалған, экологиялық таза, қауіпсіз, мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған танымдық, дамытушылық, тәрбиелік мәнді өнімдер. Заманауи үлгідегі ойыншықтар арқылы қазақ халқының құндылықтарын білім беру үрдісіне ендіру, оны қайта жаңғырту, дәріптеу арқылы балалардың ұлттық санасын, ұлттық кодын қалыптастыруды негізге алдық.

Ұлттық кодты қалыптастыру психологиясы - бұл адамның тұлғалық дамуында ұлттық мәдениет, тіл, діл (менталитет), салт-дәстүр, тарихи сана сияқты факторлардың психологиялық тұрғыдан қалыптасу үдерісін зерттейтін маңызды сала. Бұл ұғым әсіресе қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтау, ұлттық бірегейлікті нығайту, жастардың санасында ұлттық құндылықтарды бекіту үшін өзекті болып отыр.

Ұлттық код дегеніміз не? Ұлттық код - бұл белгілі бір ұлт өкілдерінің өзіндік дүниетанымы, ойлау жүйесі, өмір салты, моральдық құндылықтары, тарихи жады, тілі мен ділі арқылы сипатталатын рухани-мәдени кешен. Ұлттық код адамның мінез-құлқына, өмірге деген көзқарасына, ойлау стиліне әсер етеді. Ол халықтың ұжымдық жадында сақталған мызғымас негіз.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде балалардың ұлттық кодын қалыптастырудың негізгі құралы ойыншықтар болып табылады. Біз ұсынатын ұлттық нақышта жасалған дамыту ойыншықтары - бұл балалардың ұлттық болмысын, мәдениетін, дәстүрін және тарихи танымын қалыптастыруға бағытталған, сонымен бірге танымдық, сөйлеу, моторика, эмоциялық және әлеуметтік дағдыларды дамытатын арнайы ойын құралдары. Олар қазақ халқының рухани құндылықта-

ры мен дүниетанымын сіңіре отырып, баланың ұлттық сана-сезімін ерте жастан тәрбиелеуге көмектеседі.

Балалардың дүниетанымы мен ұлттық кодын дамытуға арналған ойыншықтардың негізгі мақсаты:

- қазақ халқының дәстүрін, мәдениетін, тұрмысын таныстыру;
- тілдік қорды ұлттық сөздермен байыту;
- ұлттық рәміздер, салт-дәстүр, тұрмыстық заттар туралы түсінік беру;
- туған жерге, тарихқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру;
- ұлттық ойын арқылы қоғамдық мінез-құлық пен тәртіпті меңгерту.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына ұлттық кодты сіңіретін дамыту ойыншықтары:

1. Ұлттық киімдегі қуыршақтар. Ол қазақтың салт-дәстүрі мен киім үлгілерін таныстырады. (Тіл, қиял, эмоциялық тәрбие)
2. Қазақ халқының тұрмыс заттары мен бұйымдары. Халықтың тұрмыстық құрылымын тану. (Кеңістік ойлау, ұлттық таным)
3. Төрт түлік ойыншықтары (түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі). Қазақ халқының мал шаруашылығына қатысты түсінік. (Сөздік қор, логика)
4. Қазақша пазлдар. («Қыран», «Киіз үй», «Қобыз», т.б.). Ұлттық символдармен жұмыс. (Қиял, саусақ моторикасын жаттықтыру)
5. Ұлттық рөлдік ойын жиынтықтары (ас үй, ұстахана, аңшылық). Қазақ халқының ата-баба кәсіптерін таныту. (Әлеуметтік және танымдық даму)
6. Музыкалық аспаптар. Қазақ музы-

касына қызығушылықты ояту. (Есту қабілеті, эстетикалық талғамды қалыптастыру)

7. Қазақ халық ертегілерінің кейіпкерлері (Ер Төстік, Тазша бала, Алдар көсе т.б.) Тарихи-мәдени тұлғаларды таныту. (Шығармашылық тыңдау дағдысын қалыптастыру)

8. Асық ойынына арналған жиынтықтар. Дәстүрлі ойын ережесі мен тәртіпті үйретуге бағытталады. (Қозғалыс, зейін, логиканы дамыту)

Біз ұсынатын ұлттық нақыштағы ойыншықтар арқылы балада қандай ұлттық ұғымдар дамиды?

- Төрт түлік, жеті қазына, ата-баба, шежіре, жер-су атаулары.
- Ұлттық киім, ұлттық тағам, музыка, бата-тілек, қонақжайлылық.
- Тіл мен сөз өнері – мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш.
- Тарихи тұлғалар, жыр-дастандар, ерлік дәстүрі.

Ұлттық дамытушы ойыншықтарды қолдану әдістемесі:

- тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекетте (мысалы, «Мен – қазақпын», «Төрт түлік – ел байлығы», «Ұлттық музыкалық аспаптар» т.б.);
- сюжеттік-рөлдік ойындарда (Қонақ күту, киіз үй жабдығы, мал бағу);
- сурет, ертегі, әңгімелеу тапсырмасында;
- дидактикалық ойындарда (Сәйкестендір, Артықты тап, Қайсысы ұлттық?);
- балалардың бос уақытын ұйымдастыруда.

Балалардың ұлттық кодын қалыптастыратын дамыту ойыншықтары тек ойын құралы ғана емес, ұлт тәр-

биесінің алғашқы баспалдағы. Олар арқылы бала туған тіліне, дініне, діліне, салт-дәстүріне құрметпен қарап өседі. Біз ұсынатын ұлттық нақыштағы заманауи үлгідегі ойыншықтар мектепке дейінгі мекемелерде патриоттық тәрбие беруде маңызды құрал ретінде қызмет етеді.

Ұлттық код психологиясы - бұл адамның ұлттық болмысын, мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерін, тарихи жадын, тіл мен ділді, ұлттық сананы және құндылықтарды психологиялық тұрғыдан қарастыратын ғылымның бағыттарының бірі. Бұл ұғым адамның ұлтпен психологиялық байланысын, өзінің этникалық тегін сезінуін және ұлтқа тән мінез-құлық, ойлау, эмоцияны қабылдау жүйесін түсіндіреді.

Ұлттық код - бұл ұлттың тарихи жадында сақталған рухани-мәдени ДНҚ, яғни халықтың дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, салт-дәстүрі, тілі мен ділі, өнері мен танымдық жүйесі. Ол ұлт өкілдерінің күнделікті мінез-құлқында, ойлау формаларында, тілдік құрылымдарында, құндылықтық бағдарларында көрініс табады.

Ұлттық код психологиясының негізгі элементтері:

1. Ұлттық құндылықтар жүйесі.

- Қонақжайлық, үлкенді сыйлау, ұят, обал, сауап, намыс сияқты ұлттық моральдық ұстанымдар қазақ халқының ұлттық кодында ерекше орын алады.
- Бұл құндылықтар адамның өмірлік бағдарын анықтап, жеке тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына әсер етеді.

2. Тарихи жад пен мәдени мұра.

- Ұлттық батырлар, би-шешендер, тарихи оқиғалар адамның ұлттық тұлғалық моделін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.



- Ата-баба аманатын, елдің өткені мен болашағын құрметтеу психологиялық тұрғыдан ұжымдық жадыны дамытады.

3. Ұжымдық психология мен діл.

- Қазақ менталитетінің ерекшеліктері: кеңпейілділік, сабырлылық, туыстықты ардақтау, бұл ұжымдық психологияның көрінісі.
- Бұл мінез-құлық формалары ұлт өкілдерінің ортақ психологиялық портретін сипаттайды.

4. Салт-дәстүр мен ұлттық символика.

- Наурыз мерекесі, тұсаукесер, бата беру, киіз үй, домбыра, ұлттық киім сияқты мәдени рәміздер баланың ұлттық кодын ерте жастан қалыптастырады.
- Бұл символдар арқылы эмоциялық қабылдау жүреді, ұлттық код санадан тыс деңгейде орнығады.

Психологиялық тұрғыдан ұлттық кодтың рөлі:

1. Идентификация. Адам өзін белгілі бір этностың мүшесі ретінде қабылдайды.
2. Мотивация. Ұлт үшін қызмет ету, тілді сақтау, дәстүрді жалғастыруға ұмтылыс.
3. Әлеуметтік бейімделу. Ұлттық ортада өзін жайлы сезіну, ұжымдық нормаларға бейімделу.
4. Құндылықтық бағдар. Өмірде не маңызды екенін ұлттың мәдениетіне қарап бағамдау.
5. Эмоциялық тұрақтылық. Ұлттық ортада болу, психологиялық қауіпсіздік пен тұрақтылық береді.

Біз ұсынатын ұлттық дамытушы ойыншықтар балалардың дүниетанымын, ұлттық код психологиясын, тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуындағы

маңызды фактор. Ұлттық код - жай ғана этникалық белгі емес, ол терең мәдени-психологиялық құбылыс. Сондықтан бұл кодты сақтау, дамыту және ұрпақ санасына сіңіру - ұлттық болашақтың кепілі.

Ұлттық дамытушы ойыншықтар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту - бұл қазақ халқының ұлттық дәстүріне, мәдениетіне, тілдік және рухани құндылықтарына негізделген ойыншықтар арқылы балалардың танымдық, сөйлеу, моторикалық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған тәрбиелік әдіс.

Ұлттық дамытушы ойыншықтар мектеп жасына дейінгі балалар үшін тәрбиелік, танымдық және психологиялық тұрғыдан өте маңызды құрал. Олар баланың рухани және зияткерлік дамуына, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне жол ашады. Мұндай ойыншықтар баланың ойлау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасы, қиялы мен шығармашылық қабілетін табиғи және қызықты жолмен дамытады.

Дамытушы ойыншықтардың басты мақсаты:

- балада танымдық қызығушылық ояту;
- ойлау және зейін процестерін дамыту;
- сөйлеу дағдысын, тілдік қорын кеңейту;
- қолдың моторикасын, қозғалыс дағдыларын қалыптастыру;
- шығармашылық пен қиялды жетілдіру;
- әлеуметтік дағдылар мен эмоционалдық тұрақтылықты тәрбиелеу.

Біз ұсынатын ұлттық дамытушы ойыншықтар арқылы балаларда қандай дағдылар дамиды?



- Танымдық даму. Салыстыру, сәйкестендіру, талдау дағдылары дами-ды.
- Сөйлеу және тілдік даму. Сөйлеу мәдениеті, сөздік қор, сөйлем құрау қалыптасады.
- Ұсақ моторика. Саусақ бұлшықетін дамытады, жазуға дайындық береді.
- Қиял мен шығармашылық. Эстетикалық талғам, бейнелеу қабілеті дамиды.
- Әлеуметтік және эмоционалдық даму. Бірлесіп ойнау, эмоцияны тану, жауапкершілік қалыптасады.

Осы тұрғыда біздің ұсынған ұлттық дамытушы ойыншықтарды пайдалануда ата-аналар мен педагогтерге бірнеше кеңестер ұсынамыз.

Ата-аналарға арналған кеңестер:

1. Ұлттық ойыншықтарға қызығушылықты ерте жастан қалыптастырыңыз. Қарапайым «қазақы қуыршақтан» бастап, киіз үй макеті, төрт түлік ойыншықтары арқылы баланың ұлттық болмыспен ерте танысуын қамтамасыз етіңіз.
2. Балаңызбен бірге ойнаңыз және әңгімелесіңіз. Ойын барысында «мынау не үшін қажет?», «бұл кімнің киімі?», «қазақтар неге киіз үйде тұрған?» деген сұрақтар қойып, сөйлеу дағдысын дамытыңыз.
3. Ұлттық сөздік қорды байытыңыз. Ойыншықтарды атай отырып, төрт түлік атауы, ұлттық тағам, киім атауларын балаға түсіндіріңіз (мысалы: шапан, сәукеле, тұсау, бесік, т.б.).
4. Баланың шығармашылығына еркіндік беріңіз. Киіз үйді өзі жинасын, қуыршақты өзі киіндірсін, домбыраны өзі тартып көрсін, бұл баланың қиялын, ойлауын дамытады.
5. Ұлттық мазмұндағы ертегілер мен өлеңдерді бірге оқыңыз. Ертегідегі кейіпкерлер бейнесіндегі ойыншықтармен ойнау оқығанды жақсырақ түсінуге көмектеседі.

Педагогтерге арналған кеңестер:

1. Ұлттық ойыншықтарды ұйымдастырылған іс-әрекетке сай кіріктіру. Тақырыпқа сай ойыншықтарды қолданыңыз.
2. Топтық, рөлдік, дидактикалық ойындарды ұйымдастыру. «Қонақ шақыру», «Қонақ күту», «Мал бағып келем» сияқты сюжеттік ойындарда ұлттық ойыншықтарды пайдалану арқылы балалардың сөйлеу, қарым-қатынас, тәртіп дағдыларын дамыту.
3. Ойын арқылы тәрбие беру. Әдеп, ізет, үлкенге құрмет, туған жерге сүйіспеншілік сияқты құндылықтарды ойын барысындағы әрекетпен жеткізу.
4. Материалдың сапасы мен мазмұнына мән беру. Ойыншықтың ұлттық нақышы, сапалы жасалуы, қауіпсіздігі ескерілуі тиіс.
5. Ата-анамен тығыз байланыс орнату. Үйде де осы ойыншықтарды қолдану жөнінде кеңес беру, балалардың қызығушылығы мен жетістіктерін бөлісу.

Қорыта келе біз ұсынатын ұлттық ойыншықтарды тиімді қолдану, бұл тек ойын ғана емес, ұлттық рухты, тіл мен дәстүрге деген сүйіспеншілікті бала бойына сіңірудің қуатты құралы. Ата-ана мен педагогтың бірлескен әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық қодын қалыптастру жолы.



Әдебиеттер тізімі:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың» мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы, №726 қаулысы.
3. Керімбаева Р.К. Асық ойындары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру. Монография. -Тараз, 2021. -196 б.
4. Керімбаева Р.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру. –Тараз. 2010. -120 б.
5. Сәрсенбаев Н.С. Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиет. -Алматы. 2010.-150 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ РӨЛІ

Таукебаева Күнсұлу Сатхановна,

Шерхан Мұртаза атындағы

Халықаралық Тараз университеті

«Бастапқы әскери дайындық және шығармашылық
мамандықтар кафедрасының меңгерушісі», т.ғ.к.

Аңдатпа. Мақалада автордың цифрлық технологияларды ұлттық тәрбие элементтерімен ұштастыру – баланың тұлғалық дамуына тиімді әсер ету жолдары ұсынылады. Сонымен бірге мақалада ұлттық ойындарды цифрлық форматта қолдану тәжірибесі, цифрлық трансформация, инновациялық технологиялар туралы жазылған.

Түйін сөздер: цифрлық трансформация, онлайн-платформа, интеграциялау, техникалық ойындар, ұлттық ойындар.

Мектепке дейінгі кезең – баланың жан-жақты дамуына негіз болатын шешуші уақыт. Сондықтан да цифрлық технологияларды ұлттық тәрбие элементтерімен ұштастыру – баланың тұлғалық дамуына тиімді әсер етеді. Осы бағытта қазақтың ұлттық ойындары ерекше орын алады. Ұлттық ойындар арқылы балалар тек көңіл көтеріп қана қоймай, ойлау қабілетін, моторикасын дамытады, салт-дәстүрмен танысады. ҒЗЖ нәтижелерін оқу процесіне ендіру актісі негізінді балабақшаларда цифрлық трансформация үдерісі мен ұлттық ойындардың енгізілу рөлі қарастырылады.

Қазіргі таңда цифрлық трансформация – білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі. Цифрлық трансформация – бұл тек компьютерлік құралдарды енгізу емес, сонымен қатар білім беру үдерісін түбегейлі қайта құру. Жамбыл облысы, Тараз қаласындағы балабақшаларда интерак-

тивті тақталар, планшеттер, білім беру бағдарламалары, онлайн-платформалар кеңінен қолданылуда. Бұл технологиялар балалардың логикалық ойлауын, сөйлеу дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқарады. Балабақшаларда цифрлық құрылғылар арқылы:

- балалардың жекелей қабілеттерін анықтау жеңілдейді;
- білім беру бағдарламалары ойын түрінде ұсынылып, баланың қызығушылығын арттырады;
- педагогтардың жұмысын автоматтандыру арқылы әдістемелік деңгейі көтеріледі.

Қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуында ұлттық ойындардың маңызы зор болған. Бұл ойындар арқылы балалар:

- тіл байлығын арттырады;
- ұжыммен жұмыс істеуге үйренеді;



- төзімділік пен батылдыққа тәрбиеленеді;
- ұлттық мәдениетке құрметпен қарай бастайды.

Мысалы, «Әжемнің сыр сандығы» балаларға қазақтың ұлттық қолөнерін таныстыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, отбасылық және мәдени мұраға деген құрмет пен қызығушылықты қалыптастырады, «Тау» ойыншығына Баланың дүниетанымын кеңейтуге көмектеседі, белгілі бір мақсаттағы, ойластырылған әрекетке үйретеді, қиялын дамытып, аңғарғыштығын қалыптастырады, логикалық ойлауын, бейнелеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған, «Үй жануарлары және жабайы жануарлар» пазл ойыншығы балаларға жануарлар әлемін таныстыру және олардың танымдық дамуын қолдау мақсатында жасалған. Бұл ойыншық балалардың өздері білетін және білмейтін жануарларды салыстыруға, тануға, сонымен қатар олардың табиғи тіршілік ортасын, мінез-құлқын, және сыртқы түрін үйренуге мүмкіндік береді. «Теңбіл асық» ойыншығы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған, ағаш-фанерадан ұлттық нақышта жасалған ойыншық. Бұл ойыншықтың сырты қазақ ою-өрнектерімен безендірілген, шағын кедергілі футбол алаңынан тұрады. 4 – 5 жастағы балаларға арналған асық ойындарында тек көңіл көтеру ғана емес, дене қозғалысы, тапқырлық, шапшаңдық дағдылары дамиды.

Ұлттық ойындарды цифрлық форматта қолдану тәжірибесі «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы, Тараз қаласының білім бөлімінің №3, 20, 26 «Нұрай», 27, №38 «Толағай», №39 «Балдәурен», №44 «Ер Тарғын», «Айнелек» және «Солнышко Тараза» бөбекжай-бақшасы» ұлттық ойындарды цифрлық форматқа бейімдеу басталып кетті.

Сабақтарға интеграциялау.

- Математика, құрастыру, жаратылыстану сабақтарында техникалық ойындар мен жобаларды қолдану;
- LEGO, магниттік конструкторлар, соробан, пазлдар, қарапайым механизмдер (тісті доңғалақтар, рычагтар) арқылы тапсырмалар орындалу.

Жобалық әдіс.

- Балалар өз жобаларын жасап, оны таныстырады (мысалы: көпір құрастыру, қарапайым көлік моделін жасау).
- Топтық жұмыс арқылы командалық қабілетті дамыту. Мысалы:
- «Асық ойыны» — интерактивті экранда орындалып, баланың моторикасын дамытуға бағытталған;
- «Сөз табу» ұлттық элементтермен безендірілген мультимедиялық бағдарлама түрінде жүзеге асырылады;
- «Ою табу» – қазақтың ұлттық ою-өрнектері арқылы логикалық ойлау мен көру қабілетін дамытатын тапсырмалар.

Мұндай тәсіл балалардың қызығушылығын арттырып, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар ата-аналар да цифрлық қосымшалар арқылы баланың үй жағдайында да ұлттық ойындармен айналысуына мүмкіндік алады.

Цифрлық құралдарды тиімді қолдану үшін педагог мамандардың да білімі мен біліктілігі артуы қажет.

- STEM, STEAM бағыттары бойынша семинарлар, курстар;
- Басқа балабақшалармен тәжірибе алмасу
- Ұлттық ойындарды интеграциялау



бойынша әдістемелік құралдар әзірлеу.

Мұның бәрі педагогтерге жаңа технологиялар мен ұлттық құндылықтарды сабақтастыра отырып, оқу-тәрбие процесін сапалы жүргізуге көмектеседі.

Цифрлық трансформация – заман талабы. Алайда, білім беру үдерісінде ұлттық құндылықтарды, соның ішінде ұлттық ойындарды сақтау – ұлттың

болашағын тәрбиелеудегі маңызды міндеттердің бірі, Мектепке дейінгі ұйымдарда бұл бағытта бірқатар оң өзгерістер жасалып оқу процесіне енгізіліп отыр.

Ұлттық ойындарды ұсынып, балаларға ойын түрінде білім мен тәрбие беру – олардың жан-жақты дамуына жол ашады. Ал бұл өз кезегінде цифрлық ғасырда ұлттық болмысын жоғалтпаған, саналы ұрпақ тәрбиелеуге септігін тигізеді.



ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИНСТРУМЕНТ СОХРАНЕНИЯ И ПОПУЛЯРИЗАЦИИ КАЗАХСКИХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИГР ДЛЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Каримов Мухтар Алибекович,

преподаватель информационных технологий,
педагог-эксперт,

Банахович Денис Сергеевич,

преподаватель информационных технологий,
педагог-модератор Сарканского многопрофильного
колледжа

Аннотация. Статья посвящена роли национальных игр казахов в воспитании детей дошкольного возраста. Рассматривается значимость традиционных игр для развития физических, социальных и когнитивных навыков у детей, таких как умение работать в команде, развивать логическое мышление, память и внимание. Приводится анализ возможностей интеграции казахских национальных игр в цифровую среду с целью адаптации их к современным условиям и потребностям детей. Обсуждаются преимущества цифровизации таких игр, такие как доступность, интерактивность и безопасность, а также их влияние на физическое, когнитивное и социальное развитие дошкольников. В статье также рассматриваются различные формы применения цифровых технологий для создания мобильных приложений, игр с элементами виртуальной реальности и мультимедийных материалов, которые помогают детям познакомиться с казахской культурой и традициями. Заключение подчеркивает важность сохранения культурного наследия через использование новых технологий, что открывает новые горизонты для воспитания детей и формирования их национальной идентичности.

Ключевые слова: цифровизация, качество образования, техническое и профессиональное обучение (ТиПО), игровые площадки в цифровом формате, цифровые навыки, интерактивность, доступность, Безопасность, интерактивные ресурсы, мобильные приложения, обучающие игры интерактивные книги, мультимедиа.

Национальные игры казахов играют важную роль в воспитании детей. Они помогают развивать физические навыки, укрепляют здоровье, формируют социальные и эмоциональные компетенции, такие как умение работать в команде, взаимодействовать с другими детьми и решать задачи.

Кроме того, многие игры способствуют развитию логического мышления, памяти и внимания.

Для детей дошкольного возраста игры могут быть не только развлекательными, но и обучающими. К примеру, такие игры как тогыз кумалак

(мозаика из камешков), асык (игра с косточками) или кокпар (игра на лошадях) можно адаптировать с учетом особенностей развития детей раннего и дошкольного возраста.

Традиционные казахские игры можно интегрировать в цифровую среду, адаптировав их для детей дошкольного возраста. В условиях стремительного развития технологий важно, чтобы дети не только овладевали новыми цифровыми навыками, но и сохраняли и ценили культурное наследие своего народа.

Цифровизация позволяет адаптировать традиционные казахские игры к современным условиям. Для детей дошкольного возраста это может быть особенно полезным. Рассмотрим основные преимущества цифрового подхода:

Доступность. Виртуальные игры и приложения можно использовать в любом месте и в любое время. Дети могут играть в традиционные игры, даже не имея возможности выходить на улицу.

Интерактивность. Цифровая среда предлагает уникальные возможности для создания увлекательных и познавательных сценариев, которые легко удержат внимание детей. Например, игра в тогыз кумалак может стать ярким и увлекательным процессом, в котором дети будут учиться не только играть, но и считать, решать задачи на внимательность и логику.

Безопасность. Цифровая среда позволяет избежать физической травматичности, которая может быть присуща традиционным играм. Например, в игре кокпар дети могут в виртуальной среде принять участие в соревнованиях, не подвергаясь риску.

Применение казахских национальных игр в цифровой среде для детей

дошкольного возраста:

Мобильные приложения и обучающие игры. Разработка простых мобильных приложений, которые предлагают детям играть в адаптированные версии казахских народных игр. Например, можно создать игру по типу тогыз кумалак, где дети будут учить цифры и цвета через стратегические ходы.

Виртуальная реальность (VR). Включение элементов виртуальной реальности поможет создать реалистичные условия для игры, например, в кокпар или кыз куу (догонялки). Это даст детям ощущение настоящего приключения и погружение в традиционные игры.

Интерактивные книги и мультимедиа. Разработка мультимедийных материалов, таких как интерактивные книги или анимационные ролики, которые бы рассказывали истории и показывали правила традиционных казахских игр. Дети могли бы не только слушать, но и взаимодействовать с этими материалами.

Игровые площадки в цифровом формате. Например, создание на экране специальной игровой площадки, где дети могут учиться ловкости и координации, играя в асык или кокпар, выполняя различные задания и получая за них виртуальные награды.

Как это влияет на развитие детей дошкольного возраста? Использование казахских национальных игр в цифровом формате способствует развитию целого ряда навыков у дошкольников:

Когнитивные способности. Игры помогают развивать внимание, память, мышление и логику, так как каждая традиционная игра связана с решением задач и принятием решений.

Физическое развитие. Даже в циф-



ровом формате можно создавать игры, требующие активности, например, через сенсорные экраны или устройства, которые реагируют на движения, что помогает детям развивать моторные навыки.

Социальное взаимодействие. В некоторых играх предусмотрены командные задания, что способствует развитию навыков общения, сотрудничества и коллективного взаимодействия.

Эмоциональное развитие. Играя в традиционные казахские игры, дети знакомятся с культурой своего народа, что укрепляет их национальную идентичность и воспитывает любовь к родной культуре.

Национальные игры казахов – это не просто развлечение, но и ценный элемент, способствующий развитию личности, коллективизма, а также исторической и культурной идентичности. Их интеграция в цифровую

среду открывает новые возможности для сохранения и распространения казахской культуры, а также для создания уникальных образовательных и развлекательных проектов.

Цифровизация казахских национальных игр для дошкольников – это уникальная возможность сохранить и популяризировать культуру в условиях быстрого технологического прогресса. Такие игры способствуют не только сохранению традиций, но и развитию важных навыков у детей, создавая пространство для их познавательной и эмоциональной активности. Внедрение цифровых технологий в национальные игры поможет не только сохранить традиции, но и передать их будущим поколениям в новом формате. Адаптируя эти игры в цифровой среде, мы не только открываем детям новые горизонты, но и помогаем им почувствовать себя частью богатого культурного наследия Казахстана.

Список литературы:

1. Шайкенова Р.К. Цифровизация образования и её влияние на развитие дошкольного воспитания. Алматы: Наука, 2018
2. Асанова А.Т. Традиционные казахские игры как средство воспитания в дошкольном возрасте. Алматы: Рауан, 2020
3. Бердибекова М.Ж. Цифровые технологии в воспитании детей: новые горизонты и возможности. КазГПУ, 2017
4. Рахматуллаева Д.А. Цифровые платформы для обучения и воспитания детей через казахские народные игры. Алматы: КазНУ, 2018

РОЛЬ КАЗАХСКИХ НАРОДНЫХ МЕЛОДИЙ И РИТМОВ В МУЗЫКАЛЬНОМ ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ЧЕРЕЗ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИГРЫ

Ракитянская Оксана Николаевна,

преподаватель специальных дисциплин, педагог-исследователь Сарканского многопрофильного колледжа

Аннотация: В данной статье рассмотрено, как казахские народные игры, сопровождаемые музыкальными элементами, могут развивать музыкальные навыки у детей дошкольного возраста. Использование традиционных казахских инструментов (например, домбра, даулпаз, асатаяк) и мелодий, а также развитие чувства ритма, мелодической памяти и координации движения через участие в играх. Через обучение детей игре на простых музыкальных инструментах, играя в народные игры, такие как кыз куу, асық, тоғыз кумалак и другие, передаются основы казахской музыкальной культуры.

Ключевые слова: национальные игры, кокпар, кыз куу, тоғыз кумалак, музыкальные инструменты, домбра, даулпаз, шанкобыз, слух, ритм, интонация, музыкальная память, музыкальное воспитание.

Казахская народная музыка, её уникальные мелодии и ритмы занимают особое место в воспитании детей, являясь важным инструментом не только для передачи культурных традиций, но и для развития различных навыков у дошкольников. Одним из эффективных способов интеграции казахской музыки в процесс воспитания является использование национальных игр, которые в свою очередь являются неотъемлемой частью казахской культуры. В этой статье рассматривается роль казахских народных мелодий и ритмов в музыкальном воспитании детей через национальные игры и их влияние на развитие музыкальных и моторных навыков у дошкольников.

Казахская народная музыка является выражением многовековых тра-

диций народа, передающихся через поколения. Она наполнена особенностями, которые делают её уникальной: мелодичность, определенные ритмы и использование народных инструментов, таких как домбра, сырнай, шанкобыз. Традиционные песни и танцы, сопровождающие игры, развивают у детей чувство ритма, музыкальную память, слух и координацию движений. Эти элементы не только знакомят с культурным наследием, но и оказывают положительное влияние на развитие детей, их восприятие мира через музыку.

Влияние национальных игр на развитие музыкальных навыков

Национальные игры, такие как кокпар, тоғыз кумалак, кыз куу, не только интересны, но и обучают детей важным



жизненным навыкам. Важной частью этих игр являются музыкальные сопровождения, такие как песнопения, звуки музыкальных инструментов и ритмичные движения.

Развитие чувства ритма. Одним из главных элементов музыкального воспитания через игры является ритм. Казахские народные игры часто сопровождаются определенным ритмом, который помогает детям развивать музыкальный слух и чувство времени. Например, в игре кыз куу (догонялки) часто используется ритмичное пение, которое подчеркивает важность ритма в движениях участников игры.

Развитие музыкальной памяти и слуха. В процессе игры дети могут воспроизводить и запоминать народные мелодии. Например, игра тогыз кумалак может сопровождаться традиционными песнями или мелодиями, что помогает детям улучшать музыкальную память и развивать слуховое восприятие.

Слух и интонация. Играя в национальные игры, дети учат не только музыке, но и особенности исполнения, интонацию, что способствует формированию правильного музыкального восприятия. Например, дети могут учить простые народные песни, запоминаясь интонационные особенности, которые свойственны казахской музыке.

Казахская народная музыка тесно связана с использованием традиционных инструментов, таких как домбра и даулпаз. В обучении детей через национальные игры можно активно использовать эти инструменты, что будет способствовать не только знакомству с музыкальными традициями, но и развитию моторных и музыкальных навыков у детей.

Домбра – инструмент, который часто используется в народных играх и

песнях. Его звуки создают особую атмосферу, погружая детей в атмосферу традиционной казахской музыки. Игра на домбре или прослушивание её звуков развивает слуховое восприятие, а также чувство ритма и мелодии.

Даулпаз – ударный инструмент, который может быть использован для создания ритмичного сопровождения. Включение даулпаза в игры помогает детям развивать чувство ритма, а также координацию движений, что особенно важно для дошкольников.

С помощью традиционных казахских игр можно легко вовлечь детей в музыкальное обучение, сочетая активное движение, пение и игру на музыкальных инструментах. Рассмотрим несколько примеров:

Игра кокпар (игра на лошадях). Эта игра, основанная на силе и ловкости, может сопровождаться ритмичным пением, что создаст особую атмосферу и позволит детям почувствовать связь музыки и движения. Пение и музыка помогут детям развить не только слух, но и ритм.

Игра тогыз кумалак (игра с камешками). Игра может сопровождаться народными мелодиями, которые не только помогут детям запомнить игру, но и научат их различать разные ритмы. Музыкальные элементы могут быть использованы для формирования музыкальной памяти у детей, так как они будут ассоциировать звуки с определенными действиями в игре.

Игра кыз куу (догонялки). В процессе игры можно использовать казахские песни, которые сопровождают движения детей, помогая им развивать музыкальные и физические навыки. Это также помогает детям освоить ритм, так как в игре важен быстрый темп и четкость движений.

Казахская народная музыка, с её уни-



кальными мелодиями и ритмами, имеет огромный потенциал для развития музыкальных навыков у детей дошкольного возраста. Интеграция этих мелодий и ритмов через национальные игры способствует не только сохранению культурного наследия, но и всестороннему развитию ребенка. Музыкальные и моторные навыки, а также чувство ритма, интонации и музыкальной памяти, развиваемые через игры, играют важную роль в

гармоничном воспитании и обучении детей, а также в формировании их национальной идентичности и уважения к родной культуре.

Таким образом, национальные игры казахов и их музыкальное сопровождение являются эффективным инструментом в музыкальном воспитании дошкольников, помогая им развивать важные навыки и расширять культурный кругозор.

Список литературы:

1. Аманжолова Ж. С. Традиционная казахская музыка в воспитании детей дошкольного возраста. Алматы: Қазақ университет, 2015
2. Жансеитова А.А. Казахская народная музыка в образовательной практике: значение для музыкального развития дошкольников. КазНПУ им. Абая, 2019
3. Мамбетова М. Т. Ритм и музыкальные игры в казахской традиции как метод развития детей в дошкольном возрасте. Алматы: Білім, 2020
4. Сарсенова Ш.К. Национальные игры Казахстана, 2017



БАЛАНЫҢ ОЙЫНЫ – БАЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Сеитбекова Гульмира Жолдасқызы,

Жамбыл облысы, Оқу-әдістемелік орталығының

«Мектепке дейінгі білім беруді дамыту» бөлімінің әдіскері

Аңдатпа. Мақалада ұйымдастырылған заттық дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызды рөл атқаратындығы туралы жазылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес ерте жастан бастап балаларды толыққанды дамыту үшін олардың қимыл белсенділігін арттыру маңызына тоқталған. Заттық-дамытушы орта туралы баяндалып, балабақшада қолданылатын ойын түрлері, жұмыс түрлері ұсынылған.

Түйін сөздер: іс-әрекет, үлгілік оқу бағдарламасы, ұлттық ойындар, заттық дамытушы орта, зияткерлік, әлеуметтік.

Баланы дамытуда алғашқы іс-әрекетінің түрі ойын екені сөзсіз.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес ерте жастан бастап балаларды толыққанды дамыту үшін олардың қимыл белсенділігін арттыру маңызды. Қимыл белсенділігі - ойын түрлерін енгізу, балаларды зерттеу-эксперименттер жасауға қызықтыру, танымдық белсенділікке баулу арқылы қалыптасады. Ол үшін әрбір ұйымда баланың қызығушылықтары мен жас ерекшеліктеріне қарай құрылған заттық-кеңістіктік дамытушы аймақтар жұмыс жасауы керек. Міне, осы өзекті мәселелер, бағдарлама мазмұнын жүзеге асырудың басым бағыттары балабақша мамандарымен жан-жақты талқыланып, кеңес беріліп, бүгінгі таңда тиісті жұмыстар қолға алынуда.

Ұлттық мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы педагог, ғалым Назипа Құлжанова өз еңбектерінде ерте жастан баланы тәрбиелеу мен өсіруде ұлттық ойындардың маңыздылығын ерекше атаған. Сонымен бірге, балалардың айналаны білу-

ге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы олардың ой-өрістері өсіп жетілетінін де айтқан. Қолданыстағы Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің 26 және 34 тармақтарында да ойынның баланың қызығып араласатын негізгі әрекеті екені нақты айтылған яғни, тәрбиеші топтағы тәрбиеленушілердің негізгі дағдыларын ойын нысандарында іске асыруы тиіс делінген. Осыған сәйкес бүгінгі таңда балабақша тәрбиешілері ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында, серуенде, күннің II жартысында жүргізілетін жұмыстар барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын түрлерін қолдануға басымдық беріп, ойын арқылы оқытуға балаларды тартып, «ойын алаңдарын» жабдықтау кезінде қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, көп атқарымды және өзгермелі болуы керек немесе белгілі бір ойын шартын жүзеге асыру кезінде ойыншықтар, көрнекі-құралдар қажет және олар тәрбиеленушілерге жеткілікті болуы керек.

Мақсатты ұйымдастырылған заттық дамытушы орта баланың үйлесімді

дамуы мен тәрбиеленуінде маңызды рөл атқарады. Дұрыс ұйымдастырылған заттық - дамытушы орта балаларға қуаныш сезімін сыйлап, балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, оған келуге



деген ынтасын қалыптастырады, жаңа әсерлер мен білімдермен байытады, шығармашылыққа деген белсенділігін арттырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік береді.



Модельдің 44 тармағында педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуға тиіс делінген. Бұл дегеніміз, шығармашылық ойларыңызды жүзеге асырыңыз. Балабақшада еркін күн режимін жоспарлаңыз. Балалардың танымдық қызығушылықтарына қарай ойын түрлерін енгізіп, тәрбиелеу және оқыту тәсілдеріңізді қалауыңызбен өзгертіңіз. Осы аталған жұмыстардың нәтижесін көру үшін ата-аналарды да белсенді әрекетке тарту жолдарын қарастыру қажет. Яғни шығармашылық ізденіске жол ашық. Ең бастысы, баланың алғашқы дағдыларын қалыптастыру және оны әрі қарай дамыту мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне жүктелген маңызды міндет екенін ұмытпай, түсінуіміз керек деп ойлаймын.

Облысымызда осы ата-аналармен жұмысты жандандыруда баланың дамуы үшін мектепке дейінгі ұйыммен бірге ата-аналардың ортақ жауапкершілігін арттыру мақсатында You Tube арнасында «Бақытты отбасы» каналы ашылып жұмыс жасауда.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналары (заңды өкілдері) үшін консультациялық пункттер ашылды. Консультациялық пункттердің жұмысын жандандыру бағытында телеграмм каналында «Талантты бөбек» кеңес беру айдары және мектепке дейінгі ұйымдарға барамаған баллар үшін You Tube арнасында «Самға балапан» каналы жұмыс жасайды.



Ойын түрлері тәрбиеленушілердің дағдыларын дамытуға бағытталуы керек. Балабақша әдіскерлері осыған назар аудары тиіс. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту процесін жүзеге асырушы педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетіп, бағыт беріп, жаңашыл әдістерді таныстырып, білім сапасын арттыруда әдіскердің алатын орны ерекше. Әрбір педагог өз тәжірибесін жетілдіріп отырса, шығармашылық ізденіс үздіксіз болса, сонда ғана сапалы білім, жақсы нәтиже болатынына се-

немін.

Түйіндей келе, нәтижелі ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта, балаларға қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды қарым-қатынасын, балабақшаға келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер береді және білімдермен байытады. Белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік беріп, баланың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етері сөзсіз.





Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі;
2. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
3. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарлары;
4. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы;
5. Элконин Д.Б. Ойын психологиясы. М., 1999 1 тарау.
6. Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» еңбегі.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ СЮЖЕТТІК-РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Алимбекова Ботакоз Секеновна,
Жамбыл облысы Байзақ ауданының
білім бөлімінің мектепке дейінгі тәрбие
әдіскері

Аңдатпа. Мақалада сюжеттік-рөлдік ойын түрлері қарастырылған. Сонымен бірге балабақшадағы сюжеттік –рөлдік ойындардың маңызы, балалардың қызығушылығын туғызған ойындар туралы жазылған. Сюжеттік-рөлдік ойынды баланы дамыту құралы деп атап көрсеткен. Сонымен бірге балабақшалардағы сюжеттік-рөлдік ойынды – баланы ересек өмірге дайындайтын тәсіл ретінде берген. Балалардың көпшілігі ойын барысында ересектердің еңбегін көрсеткен.

Түйін сөздер: сюжеттік-рөлдік ойын, шығармашылық, адамгершілік, еңбекқорлық, жауапкершілік.



Сюжеттік-рөлдік ойын – баланың интеллектуалды дамуының құралы. Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ол ересектердің қызметінде, жұмысында, қызмет бабында қандай мән-

ге ие болса, мұнда да сондай мәнге ие болады. Бала ойнағанда қандай болса, есейгенде де көп ретте сондай болады. Сондықтан да, сюжеттік-рөлдік ойын – балалардың қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамыту тәсілі.



Бұл ойын барысында қажетті құралдарын іздеуде, ойынға арналған дамытушы ойындар, атрибуттар мен заттарды таңдауда, ойын сюжетін дамытуда көрінеді.



Сюжеттік-рөлдік ойын-балалардың қиялын және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады, оқу процесінде, айналасындағы әлем, ересектер мен құрдастардың өмірі мен қызметі, отбасында алған білім, идеялар, дағдылар ойында тікелей көрініс табады және практикада қолданылады.

Балабақшаларда сюжеттік-рөлдік ойын – баланы ересек өмірге дайындайтын тәсіл. Балалардың көпшілігі ойын барысында ересектердің еңбегін көрсетеді: балалар тәрбиешіге, дәрігерге, жүргізушіге, ұшқышқа, өрт сөндірушіге еліктейді. Ойын балалардың әртүрлі мамандықтарға деген қызығушылығын нығайтады, еңбекке деген құрметке тәрбиеленеді. Сюжеттік-рөлдік ойынды функционалды тұрғыдан баланы әртүрлі әлеуметтік рөлдерде қоғамдық өмірге қатысуға дайындау ретінде қарастыруға болады.

Жыл басында балалардың қызығушылығын тудырған «Отбасы банк», «Құрылысшы», «Дүкен», «Аурухана», «Шаштараз» ойындары мен қоса заманауи «Халыққа қызмет көрсету орталығы», «ТЖО (СТО)», «Ғарышкер», «Кофетерий», «Өрт сөндіруші», «Пошташы», «Тігінші», «Жол полициясы», «Ұшқыш», «Жедел жәрдем орталығы» ойындары жыл соңына дейін мағынасы кеңіп, дамып отырды. Балаларды осы сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы мамандық иелерінің

жұмыстарымен таныстыра отырып, қызығушылықтары артады.



Сонымен қатар аудан бойынша барлық балабақшаларда сюжеттік – рөлдік ойындар жақсы қолға алынған. Топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы ойындар мен сюжеттік ойындарға арнайы бұрыштар жабдықталған, балаларға қол жетімді.

Қорыта айтқанда, ойын – тәрбие құралы ғана емес, баланың жан-жақты дамуына жол ашатын көпір. Тәрбиешінің басты міндеті – сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы тәрбиелеу әдісін



тиімді пайдаланып, баланың бойына адамгершілік, еңбекқорлық, жауапкершілік, достық, патриоттық қасиеттерді дамыту.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Сюжеттік-рөлдік ойындар және оны ұйымдастыру әдістемесі» авторы Г.Б. Абдраманова, Г.О. Байзулдаева
2. «Сюжеттік-рөлдік ойындарды модельдек» авторы Артюшина Л.И, Лайко В.А, Калашникова Г
3. «Сюжеттік-рөлдік ойындар жинағы» 2018 жыл
4. «Балаларым-бақытым» авторы О. Асқар
5. «Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы 5-6 жастағы балалардың функционалдық сауаттылығын дамыту» әдістемелік нұсқаулық авторы Г.А. Тулегенова

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАТТЫҚ- ДАМУШЫ ОРТАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Абдимомынова Ботагоз Абдикаримовна,
Жамбыл облысы Жамбыл ауданының әдіскері

Аңдатпа. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда заттық-дамытушы орта негізгі рөл атқарады. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасы туралы жазылған. Сонымен бірге заттық-дамытушы ортаға қойылатын талаптар, ерекшеліктері туралы айтылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өзіне қызықты білімді өз бетінше таңдай алатын қолжетімді заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру маңыздылығы бойынша тұжырымдар ұсынылған.

Түйін сөздер: заттық-дамытушы орта, іс-әрекет кеңістігі, қолжетімділік, қауіпсіздік, өзгермелі, көркемдік студия.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде: «Дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта»-деп атап көрсетілген [1, 2 б.].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өзіне қызықты білімді өз бетінше таңдай алатын қолжетімді заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру маңызды. Заттық-дамытушы орта –бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану. Заттық–кеңістікті дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен

жиһаздардың орнықты орналасуы);

- мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);
- бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындар мен жарыстарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы);
- қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материал-



дар, құралдардың қол жетімділігі);

- вариативті (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы);
- көп атқарымды (театрландырған қойылымдарға арналған шымылдық, басқа да заттарды түрліше қолдану мүмкіндігі табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);
- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі) [2, 9 б.]. Педагогика және психология ғылымының көрнекті ғалымдарының тұжырымдарына тоқталатып өтейік. В.А.Петровскийдің анықтамасы бойынша заттық- дамытушы орта арнайы ұйымдастырылған баланың өздігінен білім алуына және дамуына жағымды әсер етуге қабілетті қоршаған кеңістік.

М.Н.Полякованың пікірінше дамытушы орта табиғи, өте жайлы, ыңғайлы, тиімді ұйымдастырылған, әртүрлі сенсорлық және ойын материалдарымен толтырылған орта - деп көрсетеді. С.Л.Новоселова: «Дамытушы заттық орта бұл баланың рухани және физикалық бейнесінің даму мазмұны іс-әрекетінің материалдық объектілер жүйесі. Байытылған орта баланың түрлі іс-әрекетін қамтамасыз етудің әлеуметтік және табиғи құралдарының бірлігін көздейді»-деп тұжырымдайды.

Бұл ортаның негізгі элементтеріне С. Л. Новоселова архитектуралық-ландшафтық және табиғи-экологиялық объектілерді; көркемдік студияларды, ойын, спорттық алаңдарды және олардың жабдықтарын; ірі габаритті,

баланың бойына сай конструкторларды; ойыншықтардың тақырыптық жиынтықтарын, құралдарды; оқыту мен тәрбиелеудің аудиовизуалдық және ақпараттық құралдарын жатқызды [3, 55 б.]. Р.Б.Стеркина баланы дамыту ортасын материалдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, эстетикалық, эргономикалық (эргономика-адам іс-әрекетін затта жобалауды қамтамасыз ететін және оның функционалдық қасиеттері туралы ғылым) кешені ретінде қарастырады. Эргономиканың деректерінің негізінде мектепке дейін білім беру ұйымында балалар мен ересектердің өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық жағдайларды дизайнерлік жобалау жүзеге асырылады. Айтылған жағдайлар адамның өмірлік сұранысын қанағаттандыруға, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған. Одан басқа олар рухани және әлеуметтік сұраныстарына-танымдық, эстетикалық, жалпы мәдениеттік, басқа адамдармен қарым-қатынастағы сұраныстарына бағдарланған. «Заттық-дамытушы орта» термині педагогтер сөздігінде XX ғасырдың 80-ші жылдарында пайда болды, бірақ зерттеу проблемалары аясында одан әлдеқайда ертеректеу жүргізіле бастады. 80-ші жылдардың ортасында Еуропа елдерінде балабақшаларды жабдықтау тұжырымдамасы жасалды. Қазіргі кезеңдегі заттық-дамытушы ортаны жобалау Батыс Еуропа ғалымдарының еңбектерінде кездеседі. Батыс ғалымдары В.Мальке, Н.Швартенің пайымдауынша балабақша балалардың әртүрлі іс-әрекет кеңістігі, онда шағын топтарда ойын үшін жағдай жасауды, күн тәртібінде қимыл белсенділігін арттыруды, белсенді жағымды-эмоционалдық көңіл-күй жасауды қамтамасыз ету қажет-деп атап көрсетеді.

Заттық-дамытушы ортаны жабдықтауда Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алып, аймақтық, ұлттық, мәдени, климаттық жағдайларға қарай нақтыланады.

Мектепке дейінгі ұйымның заттық-дамытушы ортасына мектепке дейінгі ұйымның қабылданған білім беру бағдарламасының талаптары ерекшелік береді. Ондағы қойылған мақсаттар, міндеттер, ұсынылатын балалармен жұмыс мазмұны, түрлері және әдістері оны тиімді түрде жүзеге асырудың қажетті шарттарын айқындайды. Сонымен бірге, мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігіне қарамастан Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына белгіленген мектепке дейінгі барлық ұйымдар орындауға міндетті баланың даму ортасына қойылатын талаптардың нормативтік құжаттар кешені бар. Стандартта : «Балабақша орнын және алаңын зат-

тық-кеңістіктік ұйымдастыру баланың мүддесі мен сұранысына, ал оның элементтері (жабдығы, ойындар, ойыншықтар, дидактикалық материал) оның дамуына қызмет етуі тиіс»-деп атап көрсетілген.

Топтық орындардың құрылымы балаға ойынға және ойыншықтарға, материалдарға еркін қолы жетуін қамтамасыз етуі тиіс. Заттық –дамытушы ортадағы материалдар балалардың жас ерекшелігіне сәйкес, баланың топтардағы және жеке іс-әрекетіндегі сұранысты қамтамасыз етуі тиіс. Ойын бұрыштары жиі өзгеріп отырады, соған сәйкес іс-әрекеттің басқа түрлері үшін де ойын алаңын табиғи материалдармен толықтыру керек.

Заттық-дамытушы орта: қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі, тартымды болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Балаларды ерте дамыту институты, 2023 ж.
3. Р.Қ.Аралбаева Мектепке дейінгі педагогика. Алматы, 2012 ж.
4. С.А.Козлова, Т.А.Куликова Мектепке дейінгі педагогика. Мәскеу. «Академия» баспа орталығы, 2015 ж.

ТОҒЫЗ ЖОБА ТОРАБЫ

Жуматаева Шарапат Тастановна,

Тараз қаласы №18 «Еркежан» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі, басшы-көшбасшы

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі баланың тұлға болып қалыптасуына отбасы тәрбиесімен қатар, балабақшадағы ұлттық педагогикалық тәрбиенің орны туралы жазылған. Сонымен қатар «Тоғыз жоба торабы» тоғыз түрлі ұлттық жоба аясында ұлттық тәрбие бойынша іс-шаралар ұсынылған.

Түйін сөздер: ұлттық тәрбие, кәсіби әулет, әлеуметтік орта, этнопедагогика, ұлттық-дүниетаным, қызығушылық, ұлттық дәстүр, әдет-ғұрыптар.

Мектеп жасына дейінгі баланың тұлға болып қалыптасуына отбасы тәрбиесімен қатар, балабақшадағы ұлттық педагогикалық тәрбиенің орны ерекше. Өскелең ұрпақты балабақша қабырғасынан отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу, еліміздің мәңгілік жасауының алғы шарттары болмақ. Себебі, балабақшада оқып, тәрбиеленген бала мектепалды тобында/сыныбында жақсы даярланады, әле-

уметтік ортаға жеңіл бейімделеді, қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді, жалпы ұлттық, тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

Ұлттық тәрбие - заман талабының сұранысы, қоғамның әлеуметтік қажеттілігі болғандықтан балабақшамыздың педагогтар ұжымы үлкен инновациялық, шығармашылық тақырып көлемінде жұмыс атқаруда.



Жобалық іс-әрекет арқылы балалар қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, ұлттық құндылықтарымен танысады, ұлттық жобалар жасайды.



Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбие-

леу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр. Осыған орай өзім басқарып отырған №18 «Еркежан» бөбекжай-бақшасы-

ның қызметінде маңыздысы – үнемі ілгері басу, инновацияға қабілеттілік таныту.



Бүгін өздеріңізге Тараз қаласы №18 «Еркежан» бөбекжай-бақшасы бір-неше жылдар бойы айналысып келе жатқан шығармашылық тақырыбы аясындағы іс-тәжірбиемізді ұсынбақпыз. Бүгінде ұлттық тәрбие-заман талабының сұранысы, қоғамның әлеуметтік қажеттілігіне айналып отырған

мәселе болғандықтан, ұжымның әрбір бастамасы, жұмысы көпшіліктің қолдауына, ризашылығына бөленіп жоғары бағаланып келеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда этнопедагогика әдістерін қолдана отырып, балалардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда ізденістер жүргізіп, бүгінде бір қатар жетістікке қол жеткізіп отырмыз.


Обылысымыздың білім басқармасы әдістемелік орталығының бастамасымен 2023 жылы Мемлекеттік деңгейде қабылданған ұлттық баяндамаға «Асыл мұра» бағдарламасымен «Жол картасына» енгізілдік. Бұл біздің педагогтеріміздің кәсіби әлеуетін жетілдіруге маңызды деп білеміз.

Барлық тәрбие мен білімнің бастауы балабақшада. Жастайынан құндылықтарды біліп өскен ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, еңбекқор, кішіпейіл болып өседі. Ең бастысы отан сүйгіштіктің тұрақты имунитетін қалыптастырудың жалғыз жолы ұлттық тәрбие деп білеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалар - нағыз зерттеушілер, олардың білуге құштарлығы шартты құбылыс. Бақшамыздың балалары «Тоғыз жоба торабы» деп топтасқан үлкен тоғыз жоба аясында тәжірбиелік іс-әрекеттер жасап, өздігінен ізденуге танымдық

қызығушылықтары оянады. Тәжірибелер жасау арқылы балалар алдарына келетін дайын өнімнің қалай жасалатыны жөнінде мәлімет алады. Сол заты халқымыз үйренеді. Ата-баба мәдениеті мен тарихын мақтан тұтып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігі артады.

- «Қазақ халқының тұрмысы» жобасы,
- «Ұлттық киімдер» жобасы,
- «Музыкалық аспаптар» жобасы,
- «Ұлттық тағамдар» жобасы,
- «Ұлттық ойындар» жобасы,
- «Қазақ халқының қол өнері» жобасы,
- «Төрт түлік» жобасы,
- «Халық ертегілер» жобасы
- «Ұлттық ою-өрнектер» жобасы



«Тоғыз жоба торабы», яғни аталған тоғыз түрлі ұлттық жоба аясында жаңа материалдармен мақсатты түрде тәжірибелік іс-әрекет жүргізіп, баланың меңгерген білімі оның қол жеткізетін жетістігіне айналуына бағытталады.

Шығармашылық тақырыбымыздың аясында педагогтеріміз бен балаларымыз қала, обылыс, республика аясында бірқатар жетістіктерге иеленіп жүр. Ұлттық авторлық ойын-

шықтар, «Сиқырлы диірмен», ғажайып «Киіз үй» өнертабыс туындылары мен «Асыл мұра» әдістемелік құралдары мен хрестоматиялары, ғылыми –тәжірбиелік мақалалар жарыққа шығуда.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жас ұрпақты әдепті де, саналы етіп тәрбиелеу ұлттық дәстүрді, әдет-ғұрыптар мен ата-бабалардан қалған мұраларды сіңіру мектепке дейінгі тәрбиенің негізі.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ

Байгонусова Айгуль Жубаевна

Жамбыл облысы, Тараз қаласының
«№48» Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқытуда ұлттық тәрбиенің маңызы туралы жазылған. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың ұлттық құндылықтарды түсінуі және меңгеруі тәрбиелеу-білім беру процесіне негіздеу қарастырылған.

Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, отбасылық дәстүрлер, салт-дәстүрлер, қол өнер, әңгімелесу, ұлттық тәрбие, тұлғалық дамуы.

Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту тақырыбы қазіргі уақытта аса өзекті болып отыр. Ұлтың болашағы – оның балаларында. Сондықтан жас ұрпақтың саналы, мәдениетті, өз халқының тарихын, тілін, дәстүрін құрметтейтін, адамгершілік қасиеттерге бай азамат болып өсуі үшін ұлттық құндылықтарды тәрбиелеудің маңызы зор.

Балабақша мен мектеп жасына дейінгі кезең – адамның рухани дамуының ең маңызды сатысы. Бұл кезеңде балалар өздерінің алғашқы өмірлік тәжірибелерін жинақтайды. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы көбінесе осы жастағы алған білімдері мен тәрбие негіздеріне байланысты болады. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды осы жастан бастау өте маңызды, өйткені олар қоғамның мәдениетімен, дінімен, ұлттық салт-дәстүрлерімен танысып, сол арқылы өздерін құрметтеу мен басқа адамдарды сыйлау қабілеттерін қалыптастырады.

Ұлттық құндылықтарды балабақшада қолданудың жолдары әр түрлі. Мысалы, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерді балаларға үйрету арқылы олар өз халқының мәдени мұрасын таниды. Қазақ халқының ұлттық ойындары, музыкасы, қолөнер бұйымдары, мерекелік дәстүрлері балаларға ерекше қызығушылық тудырады. Әрбір ойынның өз мәні мен тәрбие мазмұны бар, олар балаларды шыдамдылыққа, ынтымақтастыққа, әділдікке үйретеді. Мысалы, «Асық ату» ойыны немесе «Қуыршақ жасау» сияқты шеберлік сабақтары арқылы балаларға қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлерін көрсете отырып, оларға салт-дәстүрлердің маңыздылығын жеткізуге болады.

Балаға ұлттық тілде ертегілер айтып беру де өте маңызды. Қазақтың бай ауыз әдебиетінің үлгілері баланың тілін дамытып, ұлттық дүниетанымын қалыптастырады. Ертегілер, мысалдар мен аңыздар арқылы балаға жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты айыра білуді, кішіпейілділік, адалдық,



жауапкершілік секілді құндылықтарды түсіндіруге болады.

Сонымен қатар, ұлттық тағамдарды, киімдерді, тұрмыс салтын үйрету арқылы бала өз ұлтының ерекшеліктерін біле бастайды. Мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде осы мәселелерді ескеру, баланың ұлттық танымын кеңейтіп, оған өзіндік ұлттық ерекшелігін сездіруге көмектеседі. Әрбір баланың өз ұлтының мәдени мұрасын қадірлеуі және оны болашақта өмірінде қолдана білуі өте маңызды.

Ұлттық құндылықтарды балабақшада енгізу тек қана білім беру емес, сонымен бірге тәрбиелік мәні зор. Балаға ана тілінде сөйлеу, өз жерін, тарихын сүю, ата-бабалардың ұстанған жолдарын құрметтеу секілді адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру үшін мұғалімдер мен тәрбиешілердің ролі үлкен. Олар балаларды ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға үйретумен қатар, олардың бойында рухани байлықты қалыптастыруға, ұлттың болашағына деген жауапкершілік сезімін ұялатуға тиіс. Қазақ халқының тарихында терең тамырлы ұлттық құндылықтар әрқашан маңызды орын алған. Ұлттық тәрбие мен мәдениет халықтың санасына ұрпақтан ұрпаққа жетіп, олардың бойында адамгершілік қасиеттер мен рухани құндылықтарды қалыптастырады. Баланың тұлғалық дамуы мен мінез-құлқының қалыптасуы қоғамның болашағы үшін маңызды болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі кезең – бала үшін ең шешуші әрі маңызды уақыт болып саналады. Бұл кезеңде балалардың ақыл-ойы, мінез-құлқы, эмоциялық және әлеуметтік қасиеттері қалыптасады. Осы тұрғыда ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу және оқыту мәселесі ерекше маңызға ие.

Ұлттық құндылықтар – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі мен білімінің, мәдениеті мен әдет-ғұр-

пының, салт-дәстүрінің жиынтығы. Бұл құндылықтар адамзаттың рухани және моральдық дамуының негізін қалаушы күш болып табылады. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды ұғындыру тәрбиенің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Ұлттық құндылықтар арқылы бала өзінің тарихи тамырларын түсініп, халқына деген мақтаныш сезімін қалыптастырады.

Ұлттық құндылықтардың тәрбиедегі ролі көп қырлы. Біріншіден, бұл – балаға адамгершілік қасиеттерді үйретудің маңызды жолы. Ата-бабаларымыздың өмір салты мен моральдық қағидаттары арқылы балаларды адалдыққа, шыншылдыққа, еңбексүйгіштікке, өз Отанын сүюге баулимыз. Сонымен қатар, қазақ халқының қонақжайлылығы, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету, отбасылық құндылықтарды сақтау сияқты ұғымдар балалардың жүрегіне терең із қалдырады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды дұрыс ұғындыру үшін тәрбиешілер мен ата-аналар нақты әдістер мен тәсілдерді қолдануы қажет. Балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің бірнеше негізгі тәсілдері бар.

1. Әңгімелесу және ертегілер арқылы тәрбие беру

Қазақ халқының ертегілері, аңыздары мен батырлық эпостары – ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңірудің керемет құралдары. Қазақ ертегілерінде адамгершілік, адалдық, батылдық, достық, зұлымдықпен күресу сияқты қасиеттер әрқашан дәріптеледі. Балаларға осы ертегілерді айтып, оларды санасына сіңіру арқылы ұлттық құндылықтарды үйретуге болады.

2. Қолөнер мен ұлттық өнерді үйрету

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері мен өнері балаларға эстетикалық тәрбие беру үшін өте маңызды. Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық киімдер, киіз үй, домбыра сияқты ұлттық заттармен таныстыру, оларды жасауға үйрету арқылы ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға болады. Бұл тәсіл балалардың ойлау қабілетін дамытып, оларды шығармашылыққа баулиды.

3. Ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу

Ұлттық ойындар баланың дене бітімін жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар ұжымдық қатынастарды қалыптастыруға да ықпал етеді. Қазақ халқының ұлттық ойындары, мысалы, «Алтыбақан», «Тоғызқұмалақ», «Арқан тарту» сияқты ойындар балаларды командалық жұмысқа, әділдікке және ұйымшылдыққа үйретеді. Осы ойындар арқылы бала тек дене дамуын ғана емес, қазақ халқының дәстүрін де бойына сіңіреді.

4. Отбасылық дәстүрлерді сақтап, балаларға көрсету

Отбасында ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтау өте маңызды. Қазақ халқының отбасылық дәстүрлері мен үлкенді сыйлау, балаға жақсы тәрбие беру, ата-ананың өзара сыйластығы және балалармен қарым-қатынасы мәдени құндылықтарды жаңғыртуға негіз болады. Балалар отбасында ата-әжелерінен, ата-аналарынан ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, тілді үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде баланың ұлттық құндылықтарды түсінуі және игеруі білім беру процесіне негізделеді. Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді меңгеру үшін қазақ тілінде оқыту, ұлттық өнер мен қолөнер үйірмелерін ұйымдастыру арқылы қазақ халқының рухани мұрасын таныстыру маңызды.

1. Тіл арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру

Қазақ тілін үйрету арқылы балаларға қазақ халқының мәдениетін, әдебиетін және тарихын түсіндіруге болады. Тіл ұлттық құндылықтарды түсіну мен оларды сақтаудың маңызды құралы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілінде ертегілер, әндер, өлеңдер оқу, тіл арқылы ұлттық дүниетанымды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

2. Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды оқыту

Балаға ұлттық салт-дәстүрлерді үйрету оның ұлттық сана-сезімін дамытуға көмектеседі. Қалаған жағдайда балаларға ұлттық мерекелерді атап өту, той-жиындарда болу, қонаққа барып, қазақ халқының дәстүрлеріне куә болу арқылы ұлттық құндылықтар мен әдет-ғұрыптарды түсіндіру мүмкіндігі бар.

3. Өнер арқылы тәрбие беру

Ұлттық әндер мен би арқылы балада рухани құндылықтарды қалыптастыруға болады. Әндер мен билер баланың эстетикалық дамуына әсер етеді, оларды өз халқына деген құрмет сезіміне тәрбиелейді. Қазақтың ұлттық биі мен әндері балалардың рухани тұрғыда өсіп, олардың мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырады.

4. Ұлттық құндылықтардың балалардың мінез-құлқына әсері

Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген балалардың мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеттері жоғары болады. Олар үлкендерді құрметтеп, кішіге қамқорлық көрсетеді, өз ортасындағы адамдарға жақсылық жасап, қоғамда өз орнын таба біледі. Мұндай балалар тек өз халқының құндылықтарын ғана емес, жалпы адамзаттық моральдық қағидаттарды да меңгерген болады. Ұлттық тәрбие ұрпақтың ке-



лешектегі тұлғалық дамуына, қоғамдық өмірде өз орнын табуына ықпал етеді.

Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту – баланың тұлғалық дамуына зор әсер ететін маңызды процесс. Бұл процесс баланың өз халқының тарихы мен мәдениетін танып білуіне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға бағытталған. Тәрбиенің осы бағытында баланың білім алуымен қатар, оның рухани және моральдық тұрғыда дамуы да қамтамасыз етіледі. Сондықтан да ұлттық құндылықтарды тәрбие мен білім

беру саласында қолдану арқылы біз ұлттық сананы қалыптастырып, келешек ұрпаққа еліміздің бай мәдени мұрасын жеткізуіміз қажет.

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру ба-рысында ұтымды пайдалану – ұлттың рухани жаңғыруы мен дамуы үшін маңызды қадам болып табылады. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу арқылы біз болашақта өз мәдениетін, тілін, дәстүрін құрметтейтін, елін сүйетін азаматтарды тәрбиелей аламыз.

ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНҒАН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Нукисбекова Айнур Есимжановна,

Жамбыл облысы, Тараз қаласының

№29 бөбекжай-бақшасының меңгерушісі

Аңдатпа. Мақалада бөбекжай-бақшада қолөнер шеберлерінің қатысуымен жасалған ұлттық ойыншықтар қоры қарастырылған. Ұлттық ойындарды трансформациялау, бөбекжайдағы «Ұлттық мұра» кабинеті туралы жазылған.

Түйін сөздер: ұлттық тәрбие, трансформация, қол өнер, шебер, «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі».

Ұлттық тәрбиенің басты мақсаты – өскелең ұрпақты елінің тарихын, дәстүрін, салт-санасын құрметтейтін, ұлттық болмысын сақтай алатын тұлға етіп қалыптастыру. Осы орайда, мектепке дейінгі ұйымдарда баланы ұлттық рухта тәрбиелеудің тиімді жолдарының бірі – қазақтың ұлттық ойындарын трансформациялап, тәрбиелік және дамытушылық мақсатта қолдану болып табылады.

Біздің бөбекжай-бақшада балалардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын ояту, ұлттық сана-сезімін арттыру мақсатында үлкен жұмыстар жүргізілуде. Әсіресе, бөбекжай-бақшамызда қолөнер шеберлерінің қатысуымен жасалған ұлттық ойыншықтар қоры – ерекше құндылық. Бүгінгі таңда 10-ға жуық ұлттық ойын түріне арналған ойыншықтар авторлық құқықпен қорғалған.



Бұл ойыншықтар – балаларға қауіпсіз, экологиялық таза материалдардан



жасалған және әрқайсысы белгілі бір ойын түріне бейімделіп, заманауи пе-



дагогикалық талаптарға сай трансформацияланған.

Ұлттық ойындарды трансформациялау – бұл тек дәстүрлі ойынды баланың жас ерекшелігі мен бүгінгі заман талабына бейімдеу ғана емес, оның құрылымына жаңа мазмұн енгізу, ойынға танымдық, эмоционалдық, коммуникативтік элементтерді қосу. Мысалы, «Асық ату» ойыны заманауи ережелермен толықтырылып, түрлі-түсті асықтар мен сандық тапсырмалар арқылы логикалық ойлауды дамытуға бағытталған. Ал «Бес тас» ойыны пішіндер мен түстерді сәйкестендіруге арналған құралдармен толықтырылып, балалардың ұсақ моторикасы мен кеңістіктік ойлау қабілетін жетілдіреді.

Бөбекжайымызда арнайы «Ұлттық мұра» кабинеті жабдықталған. Бұл



Ұлттық ойындардың трансформациясы тек ойын үрдісін жаңартумен шектелмейді, ол бала бойында өз халқының рухын сіңіруге, ұлттық сана қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалы, «Ханталапай», «Тоғызқұмалақ», «Бескенеу» секілді ойындар арқылы балалардың стратегияны жоспарлау, жылдам ойлау қабілеттері дамиды. «Банк», «Супермаркет», «Ферма», «Сауықтыру орталығы» секілді рөлдік ойындарда баланың эмоциялық, әлеу-

кабинетте балалар күнделікті ұлттық ойындарға қатысып қана қоймай, сол ойындардың шығу тарихы, ерекшелігі, қолданылатын құрал-жабдықтарымен таныса алады. Бұл – баланың ұлттық мәдениетке деген құрметін тереңдетіп, ұлтжандылыққа тәрбиелеудің пәрменді жолы.

Сонымен қатар, «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» – ұлттық тәрбиеге жан-жақты қолдау көрсететін, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыратын маңызды жобалар. Әжелер немерелеріне ертегі айтып, бесік жырын үйретіп, қазақы ырым-тыйымдарды түсіндіреді. Әкелер балалармен бірге ер баланың ұлттық ойындарын ойнап, батырлыққа, табандылыққа баулиды. Аналар қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық киім үлгілерін таныстыруда белсенділік танытады.



меттік дағдылары шыңдалады.

Қорытындылай келе, бөбекжай-бақшамыздағы тәжірибе көрсеткендей, трансформацияланған ұлттық ойындар – мектепке дейінгі балаларды ұлттық мәдениетке тәрбиелеудің тиімді құралы. Ол тек ойын түрінде ғана емес, тәрбие мен дамудың кешенді құралына айналып отыр. Бұл бағыттағы жұмыс әрі қарай да жалғасын тауып, баланың жан-жақты дамуына негіз болады деп сенеміз.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНШЫҚТАРДЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Айткулова Гульмира Кендебаевна,
Жамбыл облысы, Тараз қаласының
№7 бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі

«Ұлт тәрбиесі – бала бесікте жатқанда басталады, ал бесіктің жанында ұлттық ойыншық тұрса – болашақ та ұлт рухымен тәрбиеленеді»

Аңдатпа. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде балалардың дүниетанымын кеңейтіп, рухани-мәдени құндылықтарды бойына сіңіруде ұлттық ойыншықтардың маңызы қарастырылған. Мақалада ұлттық ойыншықтар – ұлттың тарихы мен мәдениетін бейнелейтін, баланың тәрбиесіне әсер ететін рухани құрал деп жазылған.

Түйін сөздер: ұлттық ойыншықтар, шығармашылық, ертегілер, салт-дәстүр, табиғи материалдар, рух, ұлттық сана, қарым-қатынас.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде балалардың дүниетанымын кеңейтіп, рухани-мәдени құндылықтарды бойына сіңіру – басты міндеттердің бірі. Осы бағытта ұлттық ойыншықтардың маңызы ерекше орын алады. Ұлттық ойыншықтар – ұлттың тарихы мен мәдениетін бейнелейтін, баланың тәрбиесіне әсер ететін рухани құрал.

Ұлттық ойыншық дегеніміз не?

Ұлттық ойыншықтар – халқымыздың салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін, қолдан жасалған немесе табиғи материалдардан құралған ойын құралдары. Мысалы:

- Қуыршақ (қолдан матадан тігілген),
- Асықтар,
- Тақиялы қуыршақтар,
- Тұлып немесе теріден жасалған жануар мүсіндері,

- Қамшы, домбыра секілді шағын заттар түріндегі ойыншықтар.

Мектепке дейінгі мекемедегі маңыздылығы:

1. Ұлттық сана мен рухты қалыптастыру



Ұлттық ойыншықтар арқылы бала өз халқының мәдениетін, дәстүрін, тұрмысын ерте жастан бойына сіңіреді. Бұл олардың ұлттық болмысын, қазақы танымын қалыптастырып, патриоттық сезімін оятады.



2. Тілдік және танымдық дамуға әсері



Ұлттық ойыншықтармен ойнау барысында тәрбиеші балалармен қазақ тілінде сөйлесіп, ұлттық атауларды үйретеді (мысалы: «Бесік», «Қамшы», «Қос етек көйлек», т.б.). Бұл сөздік қорды молайтып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

3. Шығармашылық пен қиялды дамыту



Балалар ұлттық қуыршақтармен ойнап, өз ертегілерін ойлап табады, рөлдік ойындарға қатысады. Бұл олардың қиялын, шығармашылық қабілетін дамытады.

4. Қол еңбегіне баулу



5. Әлеуметтік қарым-қатынасқа үйрету



Кейбір ұлттық ойыншықтарды тәрбиешімен немесе ата-анасымен бірге жасап шығару баланы еңбекке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелейді. Сонымен қатар, ол қол моторикасының дамуына оң әсер етеді.

Ұлттық ойыншықтар арқылы балалар бір-бірімен рөлдер бөлісіп, бірлесіп ойнауды, ынтымақтастықты үйренеді. Бұл олардың қоғамға бейімделуіне көмектеседі.

Ұлттық ойыншықтар – балаларды тек ойын арқылы ғана емес, ұлттық рухта тәрбиелеудің маңызды құралы. Олар арқылы бала ұлтының тарихын, дәстүрін, тілін, мәдениетін танып, өз болмысын ерте жастан қалыптастырады. Сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық ойыншықтарды кеңінен қолданып, тәрбиелік мәнін арттыру – тәрбиешілердің басты міндеттерінің бірі.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Нартбаева Акбота Маратқызы,

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

«Балдырған» бөбекжайы-бақшасының басшысы

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындарды қолдану туралы жазылған. Тіл дамыту мақсатындағы ұлттық ойындар мен дидактикалық ойындар түрлері берілген. Ұйымдастырылған іс-әрекетте пайдаланылған әдістер мен тәсілдер келтірілген.

Түйін сөздер: ұлттық ойын, дидактикалық ойын, жұмбақ шешу, отбасы тәрбиесі.

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі - ұлттық ойындар. Бүгінде ойынды халық педагогикасының бір бөлігі деп тегін айтпаса керек, адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп осы ойынның аталып жүруі жайдан жай емес. Педагогикалық теорияда ойындар түрлері, оның ішінде ұлттық ойындар баланың ақыл-ойының және денесінің дамуына қажетті негізгі қызмет түрі ретінде қарастырылады. Ойын балаға қажетті қозғалыс пен эмоциялық серпілісті қанағаттандыратын іс-әрекеттер туындатып, бала психикасының дамуына себепші болады. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді жинақтайды, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан-жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі. Сондықтан ол тәрбие жүйесінің міндеттері мен түрлерін толықтырып қана қоймай, оқу-тәрбие жүйесінің мазмұны мен әдіс-тәсілдерін байытуға, оны жетілдіре түсуге де өз үлесін қосады, барынша бел-

сенді әрекет жасайды. Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуанытып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес. Бала отбасы тәрбиесі және өзін қоршаған ортамен тығыз араласа отырып ана тілін үйренеді. Мектеп табалдырығын алғаш аттағалы тұрған балаларға ана тілін оқытудың тиімді әдістеріне ерекше мән беріледі. Баланың сөздік қорын молайтып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануға, тез жылдам сөйлеуге жаттықтыруға ойын бірден – бір таптырмайтын құрал. Мысалы: ерте жастағы балаларды қиымалдату мақсатында қолданатын халық ойыны «Қуыр, қуыр, қуырмашты» ойнату пайдалы. Оның шарты: Бірінші бала бас бармақтан бастап шынашаққа дейін бір рет саусақтардың атын түгел айтып береді. Сөйтіп, бар саусағын жұмып тұрып, екінші бала кез – келген саусағының атын атайды.



Бұл ойын балалардың тілін жаттықтырып, есте сақтау қабілетін жетілдіре түседі. Жұмбақ шешу ойынын жарыс түрінде өткізуге болады. Жұмбақ ойыны балалардың өздігінен ойлауына мүмкіндік береді. Оларды дерексіз ойлаудан нақтылы ойлауға жетелей түседі. Бірінші сыныпқа келген балалардың кейбір әріптерге барлығының бірдей тілі келе бермейді. Бұл кезеңде нағыз көмекші халық ойыны болып табылады. Бұл мақсатта ежелгі халық ойыны жаңылтпашты ұтымды пайдалануға болады. Жаңылтпаштардың тіл дамытуда, сөзді таза сөйлеп, ширақ айтуда пайдасы көп. Тіл дамыту мақсатында «Буын» тақырыбында «Өз атыңды буынға бөле білесің бе?» «Топтағы заттарды ата» ойындарын ойнатуға болады. Ұйымдастырылған іс-әрекетте халық ойынын пайдалану – балалардың еркін сөйлеуін, тіл байлығын сөздің дәл мағынасын бағдарлай білу қасиеттерін жетілдіре түседі. Халық ойындарын математикалық негіздері ұйымдастырылған іс-әрекетте пайдалану баланың алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыруға қолайлы. Мысалы: ойын ұйымдастырылған іс-әрекет басында, не ортасында, не соңында қолданылуы мүмкін. Ойынды ұйымдастырылған іс-әрекет басында қолдану тақырыпқа енуге балалардың түгел қатысуына

мүмкіндік туғызады. Ортасында балалардың шаршағанын басып, сергіту жаттығуы мақсатында қолданылады. Ұйымдастырылған іс-әрекет соңында ұсынылған материалды бекіту немесе алған білімді жинақтау. Математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекетінде «аз», «көп» ұғымдарын баланың зердесіне ұялату оңай нәрсе емес. Ал оны қарапайым халық ойынының негізінде түсіндіре бастасаң, ол онша қиындық келтірмейді. Мектепке дейінгі жастағы балалар математика негіздерін үйрене бастағанда олардың түсінігін жеңілдету үшін «санамақ» ойынын ойнату тиімді. Ұлттық ойындарды үнемі пайдалану арқылы балалардың ауызша есептерге жаттығуына логикалық ой жүйелерін жетілдіре түсуіне толық мүмкіндік бар. Олардың қатарына халықтың байырғы ауызша есептерін, халық ойындарын жатқызуға болады. Атап айтқанда: «Қай қолымда», «Өзім де құр қалмаймын» т.б. Мысалы: «Өзім де құр қалмаймын» ойыны:

Жексенбі күні еді. Атамның үйіне немерелері келді. Атасы олардың алдына бір табақ алма қойды. Немерелері атасына алманы бөліп беруді өтінді. Алманы бір – бірден берсе біреуі ауысып қалады, екі – екіден берсе жетпейді. Сонда неше алма, неше немере болған? Жауабы: 3 немере, 4 алма.



Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Ұйымдастырылған іс-әрекетте ұлттық ойын элементтерін пайдалану ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Балаларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдануға болады. Бала ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы, яғни ынталандырылуы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Баланың сөздік қорын байыта түседі. Көңіл аударарлық ойынның бір түрі – асық ойыны. Ол өте қарапайым көрінгенімен, мұнда адам денесін шыңдап, сомдайтын қасиеттер, бала тәрбиесінде, оны өзара әрекетке жетелейтін қимыл түрлері

қаншама. Ең бастысы, ол – баланы жастайынан салауатты өмір салтына жетелейді. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшық еттерінің жетілуіне, тыныс мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруіне, соның нәтижесінде қырағылық мен мергендікке баулиды. Ұлттық ойындардың жасаушысы – халық, бұл – халықтық шеберлік.

Ұлттық ойындардың ел арасында кең тарауына байланысты бір ойынның әр жерде әртүрлі тәртіппен ойналуы және олардың атауларының әртүрлі болып келуі жиі кездеседі. Осы жағдайды ескере келіп ойындарды жүйелеу, топтау және атау беру мәселесі шығады. Топталып, жүйеленбеген ойындарды тәжірибелік тұрғыдан қолдану, ережесін айқындау мүмкін болмайды. Қорыта келгенде, ұлттық ойындардың бастауыш мектеп оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануды зерттей келе біз ойындардың адамдарды дене дамуына, шынығуына, еңбек етуіне бейімдеу мақсаттарында қажеттіліктен туғандығын көруге болады, сондықтан ұлттық ойындар жалпы дене мәдениетін дамытудың негізі болып саналады деген тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Балаларды ерте дамыту институты, 2023 ж.
3. Қожахметова, К. «Этнопедагогика және тәрбие жұмысы» Алматы: «Дәнекер» баспасы, 2006.
4. Төлеубекова, Р. «Баланы ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу» Алматы: «Өлке» баспасы, 2001.



ОЙЫН – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРІ

Шалова Ботакуз Орынбековна,

Жамбыл облысы Тараз қаласы

№ 11 орта мектебінің мектепалды сынып педагогы

Аңдатпа. Мақалада ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс- әрекетінің негізгі түрі ретінде қарастырылады. Рөлдік ойындар, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдалану, дамыту ойындары туралы баяндалады.

Түйін сөздер: дамыту ойындары, ойын әрекеті, интеллект ойыны, дидактикалық ойындар.

Ойын дегеніміз – халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан-жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.

Ойын – балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі.

Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап-ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмытылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді. Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзі де сөйлесіп жүреді. Сондықтан, ойын барысында тілдесім жақсы қалыптасады.

Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойын-

дар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл – ойын дамытып, білуге деген қызығушылықтарын арттырады.

Дамыту ойындарында балаға әдейі қиын жағдайларды тудырады, ол одан шығар жолды таба білу керек. Сол арқылы бала ойлау қабілетін арттырады.

Дамыту ойындары баланың бойындағы өзін-өзі ұстау және жинақылыққа үйретеді. Бұндай ойындардың шарттары баланың басқалардың ойындағы қателігін көріп өзі жақсы ойнай бастайды. Ақырындап ол дұрыс ойнап, ұстамды болып, әдептілік нормаларын ұғынады.

Дамыту ойынның екі аспектісі бар:

1. Танымдық – баланы неге үйреткіміз келеді? Ол үшін қандай тәсілдер қарастырамыз?
2. Тәрбиелік – әріптестіктің түрі, балаға үйрететін басқа адамдармен қарым-қатынас жасау формасы.

Дамытушы ойынның мақсаты: нақты білім беру емес, белгілі бір психологиялық қасиеттерді дамыту.

Қорытынды: дамыту ойынында баланың еске сақтау қабілетін арттыру, ойлау қабілетінің жұмыс істеу және т.б., сондай-ақ белгілі бір әрекеттер жасау қажеттілігі, салыстыру, жалпылау, көрген-білгеніне жауап беру және сөй-

леу қабілетінің қалыптасуы.

Баланың қалыптасуын ойын арқылы және жаттығу, тапсырмалар арқылы қалай анықтауға болады. Баланы мәселесі көп жағдайға әкелу. Оның іс-әрекеті жұмыс барысында өзіндік қанағаттандыруға әкелді, кейіннен ол сұрақтар тудырады, олардың өзіндік танымдық мағынасы болады.

Дамыту ойындары	
Ойындағыны іске асыру	ойын жағдайына балалар кіреді және ол өзінікіндей қабылдайды.
Ойын әрекеті-	белгілі қозғалыстар, құралдармен алмасу, құралдарды іздеу және тағы басқалар жатады.
Оқыту тапсырмалары-	ойындағы жеке жетістіктерінің маңызды жағдайы және оның басқа қатысушыларымен эмоционалдық байланысы.
Ойындағы мәлімет -	ойынға баланы талаптандыру, үйрету және дамыту үшін ерекше мағына береді және сонымен бірге ойынның ниетін жүзеге асыру.
Ойынның ережесі -	ойынды іске асыру үшін ойын әрекеті мен оқыту тапсырмасын, балалардың санасында ойынды іске асыру.

Дамытушы ойындар көмегімен баланың танымдық біліктілігін қалыптастыру.

Тапсырмалар: Танымдық үрдісін дамыту, мәдени ойлануды жоғарылату, шығармашылық қиялын дамыту, жеке тұлға қасиетін қалыптастыру: бай-

қағыштық, талпынушылық, білуге құмарлық. Өзіндік бағалау мен өзіндік бақылауды дәл қалыптастыру.

Мектепалды сыныптарында тәрбиеленушілермен жүргізілетін дамытушы ойындарға тоқталып өтейін.

«Сиқырлы түтікшелер» интеллектум ойыны





Мақсаты: балалар түрлі-түсті түтікшелерден шығармашылық қиялымен қалаулары бойынша түрлі заттар құрастырады. Түспен түсті сәйкестендіру, түрлі геометриялық пішіндер

құрастыру. Жұптасып және жеке орындалған жұмыстарын біріктіріп, бір-бірімен келісе отырып, үлкен құрылыс жасап шығара білу қабілеттерін дамыту.



«Әжемнің текеметі» ойыны



Мақсаты: ойындар арқылы танымдық, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту, іс-тәжірибе жасауға қызығушылығын арттыру. Халқымыздың мәдени мұрасын жаңғырту, ата-бабаларымыздың асыл қазынасының бірі жүннен жасалатын бұйымдар туралы, жүнді қалай пайдаланатыны туралы мағлұмат беру. Жүннен киіз

басуды, ою-өрнектерді безендіру үйрету. Жұмыс барысында балалардың шеберлігін, ой-өрісін, көркемдік талғамдарын арттырып, көрсету үлгісі бойынша жұмыс жасай білуге баулу. Ою бөлшектерін құрастыру арқылы текемет жасау. Текеметтегі ою түрлерін атап, орналастыру.

«Киіз үй құрастыру» ойыны

Мақсаты: тәрбиеленушілерге киіз үйдің құрылысымен таныстыра отырып, киіз үй бөлшектерін танып-білуге,

құрастыруға, бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу.



«Ақылды асықтар» ойыны



Мақсаты: Балаларды дұрыс және анық сөйлеуге үйрету. Шапшаңдық пен ұшқыр ойлауға баулу. Зейін мен есте сақтау қабілетін дамыту. Ұлттық ойын арқылы танымдық және тілдік дағдыларын жетілдіру.

Ойынға сипаттама: Ойын барысында балалар асықтарды пайдаланып, түрлі тапсырмалар орындайды. Мысалы, асықтың түсіне немесе нөміріне сәйкес сұрақтарға жауап беру, сөздер айту немес логикалық тапсырмаларды орындау. Бұл тәсіл балалардың танымдық белсенділігін арттырып, ұлттық ойын арқылы білім алуға мүмкіндік береді.

«Сиқырлы киіз үй» ойыны

Мақсаты: Балаларды киіз үйдің құрылымымен және ішкі жабдықтарымен таныстыра отырып, сөздік қорын молайту арқылы, салт-дәстүр туралы ұғымдарын қалыптастыру. Қол моторикасын және ойлау қабілетін дамыту, ұлттық дәстүрді қадірлеуге тәрбиелеу.

Ойынға сипаттама: жылжымалы киіз үйде балаларға арналған түрлі тапсырмалар берілген. Мысалы: берілген ою-өрнектердің жартысын тауып, орналастыру; саусақ моторикасын дамыту үшін жіптерді өру, үй жануарларының төлдерін тауып, орналастыру

т.б.





Әдебиеттер тізімі:

1. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006.
2. Мұқанова Б.М. Балаларды ойын арқылы оқыту. – Алматы: Рауан, 1994.
3. Әбенбаев С. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2005.
4. Жұмабаева Г. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
5. Тұрғынбаева Б. Ойын арқылы оқыту технологиясы. – Алматы, 2001.

БАЛАБАҚШАДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жақыпбек Аяулым Уәлиқызы,
№18 «Еркежан» бөбекжай-бақшасының
музыка жетекшісі, педагог-модератор

Аңдатпа. Мақалада музыкалық тәрбие және білім беру балалардың музыкалық қабілеттерін мақсатты және жүйелі дамытудағы рөлі туралы қарастырылған. Мақала авторы балабақшадағы музыкалық тәрбие берудің маңыздылығына тоқталған.

Түйін сөздер: музыкалық тәрбие, ұйымдастырылған іс-әрекет, педагог, музыкалық аспаптар, іс-шара.

Музыкалық тәрбие балалардың ерте дамуында маңызды рөл атқарады. Музыкалық тәрбие және білім беру балалардың музыкалық қабілеттерін мақсатты және жүйелі дамытуды, эмоционалдық көңіл-күйді, музыкалық өнердің мазмұнын түсіну және терең сезіну қабілетін қалыптастыруды көздейді. Балабақшада му-

зыкалық тәрбие беру балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Музыка баланың балабақша өмірінде педагог әрекетінің белсенді ұйымдастырушылығы арқасында қолданыс табады. Балалардың музыкалық қабілеттерінің дамуы көбіне музыкалық жетекші мен тәрбиешілер жұмысының түйісуіне байланысты болады.



Музыка жетекшісімен тәрбиешілер әрекеттестігінде балалардың музыкалық дамуы бойынша жұмысты бірлесіп жоспарлап олардың ұғымдары мен әрекеттерінің жалпы мағынасын қалыптастыруларын салыстыруға

бағытталған инициатива алмасу қажет. Осы тұрғыдан алғанда балабақшадағы тәрбиешінің музыкалық сауаттылық және құзырлығы мәселесі өзектілігін жоймайтыны сөзсіз. Ерте шақтан тәрбиеленіп келе жатқан ба-



лада музыканы тыңдау, оны түсіну, есте сақтау, ажырата білу, ән салу, би билеу, аспаптарды тану қабілеттері бірте - бірте қалыптасады. Ал, баланың бойына қысқа мерзім ішінде аталған білім дағдыларын қалыптастыру - музыка жетекшісінің алдына қойылған аумақты да, жауапты ісі болғандықтан мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі жас ұрпақты жан- жақты дамытып, тәрбие беріп, оның өмірге, еңбекке даярлау бала тәрбиесі жайында отбасына көмектесу педагогикалық білімді көпшілік арасына насихаттау сияқты әрі жауапты, әрі қадірлі қоғамдық мін-

дет атқарады. Балабақшада музыкалық тәрбие мерекелік ертеңгіліктер, арнайы ұйымдастырылған музыка сабақтары, шебер-сыныптар, музыкалық ойындар, музыкалық іс-шаралар, ата-аналармен музыкалық іс-шаралар, мультимедиялық ресурстарды пайдалану т.б. жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.



Бақшамыз «Тоғыз жоба торабы» аясында оның ішінде музыкалық аспаптар жобасын іске асырып келеміз. Осы орайда музыкалық аспаптармен және музыкалық әуендермен құрастырылған Абай Құнанбаев атамыздың аудармасымен Иван Крыловтың «Шырылдауық шегіртке» мысалы шебер сыныбымда музыкалық тәрбие балалардың жалпы психоэмоционалдық, когнитивтік және әлеуметтік жағдайына оң әсер етеді.

Балабақшадағы музыка тәрбиесінің маңыздылығын көрсететін бірнеше аспектілер бар:

1. Музыкалық аспаптарда ойнау, би билеу және басқа да музыкалық іс-әрекеттер көбінесе қозғалыс, би және ырғақ ойындарының элементтерін қамтиды. Бұл моториканың дамуына, қозғалыстарды үйлестіруге ықпал етеді және бала-

лардың физикалық денсаулығын жақсартады.

2. Музыка тіл байлығын дамытуға көмектеседі. Ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау, музыкалық іс-әрекетте дыбыстар мен ырғақты қолдану сөздік қорды кеңейтуге, артикуляцияны жақсартуға және коммуникативті дағдыларды дамытуға көмектеседі.
3. Музыкалық білім зейін, есте сақтау, қиялдау және абстрактілі ойлау сияқты танымдық дағдыларды дамытуға көмектеседі.
4. Музыканың эмоцияларды ояту және жеткізу күші бар. Музыкалық іс-шараларға қатысу балалардың эмоционалдық әл-ауқатына әсер ете алады. Балаларға өз сезімдерін тануға, оны білдіруге, эмпатия мен басқа адамдардың эмоцияларын түсінуге көмектеседі.

5. Балабақшадағы музыкалық білім музыкалық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді, балаларды әртүрлі музыкалық жанрлармен, стильдермен, дәстүрлермен таныстырады.

6. Музыка іс-әрекеті көбінесе топтық жағдайда өткізіледі. Музыкалық іс-әрекеттер, музыкалық ойындар мен ансамбльдік қойылымдар балаларды бір-бірін тыңдауға, ынтымақтастыққа, жолдастарының пікірімен бөлісуге, құрметтеуге үйрете отырып, әлеуметтік өзара әрекеттесуге ықпал етеді.

7. Музыкалық іс-әрекеттер балалардың шығармашылық ойлауын дамытып, қиялын оятады. Музы-

ка сабағына қатысатын балалар тәжірибе жасай алады, өздерінің музыкалық бейнелерін жасап, шығармашылық даралығын дамытады.

8. Музыкалық білім сонымен қатар балаларды сәтті оқуға қажетті зейін қою және тыңдау сияқты дағдыларды дамыта отырып, мектепке дайындай алады. Зерттеулер көрсеткендей, музыкамен айналысатын балалардың, әсіресе математика мен оқуда жақсы нәтижелерге ие болады.

Музыка мәдени мұраның бөлігі және оны ерте балалық шақта үйрену балаларға мәдени мұраның алуан түрлілігін жақсырақ түсінуге және бағалауға көмектеседі.



Балабақшадағы музыкалық білім беру балалардың жан-жақты дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың өз мүмкіндіктерін ашуға, өнер мен шығармашылықты бағалауға үйренетін жағымды және шабыттандыратын ортаны қалыпта-

стырады. Қорытындылай келе, балабақшадағы музыкалық тәрбие балалардың физикалық, эмоционалдық, әлеуметтік және танымдық саулығына оң әсер ететін, олардың жан-жақты дамуының құрамдас бөлігі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат
2. Э.Б. Абдулин. Е.В. Николаева Музыкалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі — М., 2004,- 245 б.
3. Р.К.Дүйсембинова Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған. — 2006. — 213 б..



МАЗМҰНЫ

1	Оршыбеков Нұрбек Әбубекұлы	Жамбыл облысы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын арттыру	2
2	Есенова Нарима Борибаевна	Қазіргі мектепке дейінгі білім берудің басым бағыттары	4
3	Керімбаева Рысты Калдыхановна	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық кодын қалыптастыруда дамыту ойыншықтарын пайдалану	7
4	Таукебаева Күнсұлу Сатхановна	Мектепке дейінгі білім берудің цифрлық трансформациясы: Ұлттық ойындардың рөлі	13
5	Каримов Мухтар Алибекович Банахович Денис Сергеевич	Цифровые технологии как инструмент сохранения и популяризации казахских национальных игр для детей дошкольного возраста	16
6	Ракитянская Оксана Николаевна	Роль казахских народных мелодий и ритмов в музыкальном воспитании детей дошкольного возраста через национальные игры	19
7	Сеитбекова Гульмира Жолдасқызы	Баланың ойыны – баланың болашағы	22
8	Алимбекова Ботакоз Секеновна	Балабақшадағы сюжеттік-рөлдік ойындардың маңызы	26
9	Абдимомынова Ботагоз Абдикаримовна	Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы заттық-дамытушы ортаның маңызы	29
10	Жуматаева Шарапат Тастановна	Тоғыз жоба торабы	32
11	Байгонусова Айгуль Жубаевна	Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту	35
12	Нукисбекова Айнур Есимжановна	Трансформацияланған ұлттық ойындар арқылы балаларды ұлттық мәдениетке тәрбиелеу	39
13	Айтқұлова Гульмира Кендебаевна	Ұлттық ойыншықтардың мектепке дейінгі ұйымдардағы маңыздылығы	41
14	Нартбаева Акбота Маратқызы	Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындарды қолдану	43
15	Шалова Ботакуз Орынбековна	Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекетінің негізгі түрі	46
16	Жақыпбек Аяулым Уәлиқызы	Балабақшадағы музыкалық тәрбиенің маңыздылығы	51